САРАПТАМА



**ҚОРҒАНЫС ӨНЕРКӘСІБІ КЕШЕНІ: ОТАНДЫҚ ИНДУСТРИЯ** 3

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

# Almaty AQSHAMY

12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №104-105 (6556) 10 желтоқсан, сейсенбі, 2024 жыл. | www.aqshamnews.kz

ҚАУІПСІЗДІК САЯСАТЫ

# АЛМАТЫНЫҢ СӘТТІ ТӘЖІРИБЕСІ

## Сандық технология шаһар қауіпсіздігін қалай қамтамасыз етеді?





**Алматы қаласы тұрғындар қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жаңа технологияларды енгізе бастағанына бір жылдан аса уақыт болды. «Бірыңғай видеомониторинг жүйесі» деп аталатын бұл технология жасанды сананың (жасанды интеллект) қызметін де өз ішіне қамтиды. Негізгі мақсаты – заманауи қаланың қауіпсіздік талаптарын қамтамасыз етуге арналған. Цифрлы технологиялар әрбір адамның өміріне терең әсер еткені секілді, қазір алып мегаполистердің қауіпсіздік мәселесі де цифрлы технологиялардан қол үзе алмайды. Сондықтан да Алматының сәтті тәжірибесі қазір республикамыздың өзге өңірлері мен қалаларында қолданыла бастады. Қаламыз бұл тұрғыдан да елдің технологиялық көшін бастап тұр десек, артық емес.**

2

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

## Коммуналдық қызмет:

# ҚАЛА ҚАУІПСІЗ ӘРІ ЖАЙЛЫ БОЛУЫ ТИІС

**Алматыға қар жауды. Көшелер, саябақтар мен таулар ақ мамыққа оранып, нағыз қысқы ертегіге айналды. Иә, әсем табиғат пен қардың үйлесімі қала тұрғындарына жылулық пен жайлылық сезімін сыйлайтыны сөзсіз. Дегенмен, қар жауған кезде қаланың коммуналдық қызмет саласы қауіпсіздікті қамтамасыз етуі маңызды.**

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

### ТӘУЛІК БОЙЫ КЕЗЕКШІЛІК БАР

Мәселен, 8 желтоқсан күні таңғы сағат 4-тен бастап Алматы қаласында 22 сағатқа дейін қар жауды. Сол сәттен бастап қысқы тазалық шараларына сақадай сай тұрған коммуналдық қызметтер күшейтілген режимде жұмыс істеді. Мамандардың айтуынша, күндізгі кезеңде 609 бірлік арнайы техника мен 1280 жол жұмысшысы жұмылдырылып, қала көшелерін қардан тазартты.

Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасының мәліметінше, жауын-шашын басталғаннан бері 159 құмшашқыштың күшімен жолдарды көктайғаққа қарсы материалдармен өңдеу жүргізілді. Сағат 10.00-дегі жағдай бойынша 1480 тонна пайдаланылды. 64 бірлік шағын көлемді техниканың күшімен тротуарларды, көлік аялдамаларын, қоғамдық орындарды жинады.

Сала мамандарының айтуларынша, Алматы қаласының аумағын абаттандыру қағидаларына сәйкес қарды тырмалау әрбір 5 см жаңа жауған қардан кейін жүргізіледі. Қазгидрометтің мәліметінше, таңғы сағат 9.30-ға дейін қалада 4 см қар жауған.

Қардың түсу қарқындылығы күрт артқаннан кейін сағат 9.30-дан бастап жолдардың жүріс бөлігінен қарды тырмалау бойынша 18 баған ұйымдастырылды. Ал қар жол жиегіне сыпырылғаннан кейін, жұмыстарды жүргізу технологиясына сәйкес, колонналар құрылып, жиналған қар сыртқа шығарылады.

Қар жауғаннан кейін жолдардың, тротуарлардың, пандустардың шекаралас бөлігін қардан толық тазарту жүргізіледі. Аудан әкімдіктерінде және қала әкімдігінде қар тазалау жұмыстарын бақылау бойынша тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылды.

*(Жалғасы 4-бетте).*

KAZHYDROMET.KZ

**Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы**

**10.12.2024**

Түнде: **-14-16 °C** Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз: **-4-6 °C** Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

**11.12.2024**

Түнде: **-15-17 °C** Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Кей уақытта тұман.

Күндіз: **-5-7 °C** Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

**12.12.2024**

Түнде: **-13-15 °C** Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз: **-3-5 °C** Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

www.aqshamnews.kz

БЕЙНЕМОНИТОРИНГ

# АЛМАТЫНЫҢ СӘТТІ ТӘЖІРИБЕСІ

## Сандық технология шаһар қауіпсіздігін қалай қамтамасыз етеді?

*(Басы 1-бетте)*

Дегенмен, кез келген жаңа технологияға бой үйренiскенше адамдардың тосырқай қабылдайтыны тағы бар. Әсiресе, қала көшелерiнде және әлеуметтiк нысандарда бейнебақылау құрылғыларының көбеюi де тұрғындардың наразылығын тудырып жататыны бар. Мұндай наразы пiкiрлер әдетте азаматтардың жеке өмiрi мен құпиялығының сақталуына деген алаңдаушылықтан туындайтыны түсiнiктi. Сондықтан біз Алматыда қолданылып жатқан бұл технологияның жұмыс тәртiбiн, мүмкiндiктерiн, атқарып отырған қызметi туралы тоқталуды және шетелдiк тәжiрибелермен салыстыра отырып талдағымыз келедi.

### Жаңа сын-қатерлерге қарсы жаңа технология

Әлеуметтiк дамудың тенденциялары қоғам мен азаматтардың қауiпсiздiгiн қамтамасыз етуде жыл сайын жаңа сын-қатерлердi пайда қылып отырады. Кейбiр жаңа трендтердiң әлеуметтiк ортаға, қоғамдық тұрақтылыққа төндiретiн қатерi қысқа уақыт iшiнде байқалмауы мүмкiн. Бiр ғана мысал ретiнде әлеуметтiк желiлер арқылы тараған «квадробер» трендi әу баста жастар үшiн жануарларды қорғау мағынасында көрiнген. Алайда, оның адам өмiрi мен тұрғындардың амандығына қауiптi тұстары кейiн ғана байқалды. Мiне, осындай құбылыстар жыл сайын қоғамға енiп, өз әсерiн көрсетiп отырады. Қазiргi жаһандану үрдiсiнiң тебiнiнде бұндай сын-қатерлермен күресуде бұған дейiнгi тәжiрибелер, дәстүрлi құрылымдар икемдi бола берут екiталай. Сондықтан мұндай кезеңде әлеуметтiк қауiпсiздiк мәселесi мiндеттi түрде жаңа технологиялардың көмегiне сүйенуi тиiс.

Қала мен оның тұрғындарының қауiпсiздiгiн, олардың құқығын қорғауда елiмiз өзiнiң цифрландыру бағытындағы жеткен жетiстiктерiн тиiмдi пайдаланып келедi. Соның бiрi, бiз айтып отырған бейнемониторинг жүйесi.

Қазiргi кездегi қоғамдық тәртiп пен азаматтардың қауiпсiздiгiн қамтамасыз ету, сондай-ақ, түрлi қылмыстардың алдын алуда мұндай жүйенi әлемнiң барлық елi қолданады. Технологиялардың дамуына орай жыл сайын кемелденiп те келедi. Бұл жөнiнде сәл кейiнiрек сөз етемiз. Ал Алматы қаласындағы аталған бағдарламалық және техникалық құралдардың жиынтығы болса жалпы ұлттық бейнемониторинг жүйесiнiң бiр бөлiгi саналады. Бейнемониторинг жүйесi деп әдетте қала бойынша бейне кескiндерiн жинап, өңдеп және сақтайтын бағдарламалардың жалпы жиынтығын айтады. Бұл арада қаладағы бейнебақылаудың дербес жүйелерiн бiрiктiру сынды күрделi техникалық жұмыстарды да қамтитынын айта кеткен жөн. Яғни Алматы сынды iрi қалалар мен өзге өңiрлердi қамтыған бейнемониторинг жүйесi жалпы ел көлемiнде өз қызметiн атқаруда.

### Әлемдiк тәжiрибе қандай?

Технологиялық даму мен жаһанданудың жаңа деңгейiнде әлем елдерi де жаңа сын-қатерлермен бетпе-бет келуде. Қазiргi кездегi қылмыстық iс-әрекеттер, тiптi терроризм қауiптерiне қарсы күресте бейнемониторинг жүйесiн дамыту ең негiзгi тетiктердiң бiрi саналуда. Шекара қауiпсiздiгi, трансшекаралық қылмысқа қарсы күрес, есiрткiге қарсы iс-қимылдар, терроризм қаупiнiң алдын алу сынды күрделi қызметтер бейнебақылау жүйесiнiң бiрiктiрiлген бағдарламаларынсыз нәтиже бермейдi. Сол үшiн әлем елдерi бұл жағында технологиялық мүмкiндiктерiн жедел дамытып келедi.

Бұған дейiн бейнемониторинг жүйесi, көбiне шет елдiң барлау қызметтерi кеңiнен пайдаланған технология болды. Дамыған елдер қылмысқа қарсы күрес, қылмыстың алдын алу, ұлттық қауiпсiздiктi қамтамасыз ету бағыттарында бейнебақылау жүйелерiнiң бiрiктiрiлген бағдарламалық және техникалық жүйесiн ерте бастан қолданып келген. Айталық, Америка Құрама Штаттары бұл технологияны ертерек енгiзген ел саналады. Еуропалық одақ елдерi өз iшiнде мұндай қауiпсiздiк жүйесiн әлдеқашан жолға қойған. Қазiр Одақ көлемiнде супержүйе жасақтау мәселесi талқыланып жатыр. Дегенмен, өз елi iшiндегi бейнемониторинг жүйесiн басқа елдерге бiрiктiруге көптеген елдiң батылы жете бермейдi. Бұл ұлттық қауiпсiздiк тұрғысынан аса сезiмтал мәселе саналатындықтан, қазiрше ЕО-ның шекара бақылау қызметтерi және терроризмге қарсы күрес қызметтерi арасында ғана бiрiктiрiлген жүйелер пайдаланылуда.

Бiр орталыққа шоғырландырылған жүйелердi пайдалануда Қытай әлем көшiн бастап тұр десе де болады. Цифрлық бақылау жүйесiн, оған биометриялық сезiмтал бақылау камераларын бiрiктiрген жүйе қазiр Қытайдың қауiпсiздiк саласындағы басты артықшылық деуге болады. Тiптi, қытайлық технология компаниялары соңғы жылдары адамның мiнез-құлқын, психологиялық күйiн дәлме-дәл анықтайтын бақылау камераларын жарыса дамытты. Нәтижесiнде Қытай әрбiр қалаларда бiрыңғай бейнемониторинг жүйесiн орната отырып, ауқымды бақылау бағдарламасын құрды. Бұл әрекетi Батыс елдерi жағынан сынға қалған кездерi де бар. Айталық, Шыңжаң мәселесi сөз болған тұстары, АҚШ бастаған бiрқатар елдер Қытайды ауқымды бақылау жүйесiн енгiзiп, адам құқығын өрескел таптап отыр деп те сынаған.

### Заманауи жаңару қадамдары

Көпке мәлiм, Алматыда бейнемониторинг жүйесiн iске қосу мәселесi 2020 жылдан бастап қолға алынған болатын. Бұл қадам Мемлекет басшысының сол кездегi тұрғындар қауiпсiздiгi мен құқығын қорғау жүйесiн реформалау жөнiндегi тапсырмасына орай жасалған қадамдардың бiрi едi. Алматы сынды iрi қалаларды қауiпсiздiктi қамтамасыз ету, құқық қорғау жүйесiн кемелдендiруде бұл технологиялық жиынтық жыл сайын кемелденiп отыруы тиiс. Сол үшiн де 2022 жылы бiрыңғай бейнемониторинг жүйесiнiң жобасы iске қосылды. Сол жылдың өзiнде қаладағы мыңдаған бақылау камерасы бiр бағдарламалық жиынтыққа бiрiктiрiлдi. Оған қоса, көлiктердiң мемлекеттiк нөмiрiн және адамдардың бет-әлпетiн анық көрсете алатын бақылау камераларының жаңа түрлерi iске қосылды.

Ал 2023 жылы бiрыңғай бейнемониторинг жүйесi технологиялық жаңарудың үлкен қадамын жасап, республика бойынша алғаш рет жасанды сананы (жасанды интеллектi) пайдалана бастады. Былтыр мұндай жүйе мемлекеттiк бiлiм беру мекемелерi және мектепке дейiнгi бiлiм беру орындарында қолданыла бастаған. Ал 2024 жылға келгенде бұған жеке бiлiм беру мекемелерiндегi бақылау камералары да қосыла бастады. Қаладағы қауiпсiздiктi жоғары деңгейде қамтамасыз ету үшiн бiр ғана бiлiм беру орталықтарындағы бақылау камераларын бiрiктiру жеткiлiксiз. Қала әкiмдiгi биыл жыл соңына дейiн барлық мемлекеттiк медициналық мекемелерде осындай қауiпсiздiк жүйесiн енгiзудi жоспарлап отыр.

Маңызды әлеуметтiк нысандарды аталған жүйеге қосу, сондай-ақ, жасанды сана технологиясын пайдалану сынды тәжiрибе бiр жыл iшiнде өзiнiң артықшылықтарын айқын көрсеттi. Айталық, Алматы қалалық цифрландыру басқармасының мәлiметiнше, 2023 жылы ауыр қылмыс жасады делiнген ондаған күдiктiлер, iздеудегi адамдар табылған. Қазiр қалада 150 мыңнан астам бақылау камерасы жұмыс iстеп тұр. Бұлардың қызметi әртүрлi, яғни жол жүру ережелерiнiң сақталуынан тартып, жаяу жүргiншiлер жолы, қала көшелерi, аулаларға дейiн тәртiп пен қауiпсiздiктi қадағалау мiндетiн атқаруда. Олардың iшiнде 45 мыңы бiрыңғай бейнемониторинг жүйесiне бiрiктiрiлген. Полиция басқармасының қарауындағы ресми мәлiметi аталған жүйенiң қызметi нәтижесiнде қалада қылмыс 10 пайызға азайған.



*(Сурет ашықдереккөзден).*

### Көзделген меже көз алда

Мегаполистегi тұрғындар мен қоғамдық қауiпсiздiк талаптарын толық қамтамасыз ету үшiн қазiргi деңгейi жеткiлiктi деуге келмейдi. Сондықтан қала әкiмшiлiгi тарапынан бiрыңғай бейнемониторинг жүйесiн кемелдендiрудiң тұрақты жоспары да жасалған. Соның қатарында жыл соңына дейiн бiрыңғай жүйеге тағы 50 мың камераны қосу жоспарланған. Ең маңыздысы, жаңадан қосылатын камералардың көбi жасанды интеллект арқылы жұмыс iстейдi. Олар 209 жеке және 613 мемлекеттiк нысандарда бақылауды жүзеге асыра алады. Әрине, бейнебақылау жүйесiн дамытуда қаланы жарықтандыру мәселесi де алға шығады. Себебi, кейбiр көшелердегi жарықтандыру жүйесi бақылау талаптарын өтеуге жеткiлiксiз болуда. Сондықтан жыл басынан берi осы мәселенi де реттеу қала әкiмдiгi жағынан басты назарға алынды.

Кезең-кезеңiмен кемелдене түсетiн бұл жүйе алдағы жылы 70 мың бақылау камерасын бiрiктiрген ауқымды бағдарламалық жинаққа айналады деген жоспар бар. Қазiргi қарқынмен қарастырғанда, бұл көзделген меженiң көз алда тұрғанын байқаймыз. Әрi 2025 жылы мемлекеттiк медициналық орталықтарды жүйеге қамту толық аяқталғаннан кейiн бағдарламаның мүмкiндiгi тiптi де арта түспек. Қазiрдiң өзiнде қауiпсiздiк жүйесiнiң мүмкiндiктерiн, икемдiлiгiн арттыру мақсатында өзге де жаңа технологиялар тәжiрибеден өткiзiлуде. Жүйенiң ендiгi даму бағыты қоқыс жиналатын орындарды анықтап, аумақтардың тазалығына мониторинг жасай алатын деңгейге жеткiзу де қарастырылған. Суағарлардағы су деңгейi, олардың тазалығы, тiптi көшедегi қаңғыбас иттерге дейiн анықтай алатын кемелдiлiкке жетуге дайын. Болашақта мұндай жүйе қауқары қаладағы шуыл деңгейiн, көлiк кептелiстерiнiң ритмдерiне дейiн анықтауға жетпек.

### Жүйенiң басты артықшылығы

Мұндай жүйенiң артықшылығы қаладағы он мыңдаған бейнебақылау камерасының бiрiктiрiлуiнде. Бiр орталыққа бiрiктiрiлген бақылау жүйесi арқылы адамдар көп жүретiн және маңызды әлеуметтiк нысандарда бейнесараптама жасау жеңiлдей түседi. Су тасқыны, өрт, табиғи апаттар кезiнде де бұл жүйе төтенше жағдайлар қызметiне тиiмдi көмек бере алады. Былайша айтқанда, от пен түтiндi тез сезiп, қауiптiң көлемiн дәл анықтайды. Одан бөлек, жол көлiк оқиғалары, инфрақұрылымдардың ақауынан болатын қауiптер, көлiк кептелiсi сынды қолайсыздықтар бойынша да бақылау орталықтарын ақпаратпен қамтамасыз етедi.

Аталған бағдарламаның басты артықшылығы қылмысқа қарсы күрес әрекеттерiнде анық көрiнедi. Бұл цифрлы технологиялық жүйе iздеуде жүрген адамдар жөнiндегi құқық қорғау органдарының деректер базасымен бiрiктiрiлген. Оның үстiне жасанды интеллект 24 сағат бойы мониторинг жасап тұратындықтан, iздеудегi адамдардың деректерi сәйкес келген деректер табылса, бiрден хабар бере алады. Сол арқылы жоғалған адамдарды немесе iздеудегi күдiктiлердi оңай табуға болады. Жүйенiң қалай жұмыс iстейтiнiн Алматы қаласының Цифрландыру басқармасы былай түсiндiрген: «Егер жүйе iздеуде жүрген адамды анықтаған жағдайда бұл туралы бақылау орталығына немесе полиция бөлiмшелерiне мәлiмет бередi. Тiптi, нақты координаттарды жiбере алады. Бұл әдетте әрекет ету уақытын айтарлықтай қысқарта алады. Соған қоса, полицияның жұмыс өнiмдiлiгiн де арттырады».

Тағы бiр маңызды артықшылығы – аталған жүйе жасанды интеллект жасақтаған алгоритммен жұмыс iстейдi. Сондықтан адамдар тобын анықтауға және олардың мiнез-құлқын талдауға, күдiктi заттарды оңай ажыратуға, әлеуметтiк орындардағы қарулы-жарақ үлгiлерiн тануға да қабiлеттi. Егер қажет болған жағдайда адамдарды түр-әлпетiне сай iздеуге болады немесе көлiктерi мемлекеттiк нөмiрiмен оңай таба алады.

***Алматы – қарқынды өсiп келе жатқан мегаполис. Қазiрдiң өзiнде шешiмi табылған мәселелер көп. Алдағы уақытта қордаланған инфрақұрылымдық, әлеуметтiк мәселеге қоса, қауiпсiздiк талаптарын қамтамасыз етуде жаңа технологияларды қолданбау мүмкiн емес. Оның үстiне технологиялардың ұсынатын жеңiлдiгi адам қолымен шешу қиын кейбiр мәселелердi қысқа уақытта реттеуi мүмкiн. Бұл қаланың қауiпсiз және өмiр сүруге ыңғайлы болуына жағдай жасауда бiзге үлкен көмек болары анық. Дегенмен, азаматтардың құқығы мен қоғамдық сананы жоғарылату, сол арқылы «Қайырымды қала тұрғындарына» айналу – Алматының әрбiр тұрғынының құлшынысына тәуелдi.***



**Естай БОЖАН,**
**сарапшы.**

САРАПТАМА

**Жаһан елдері қауіпсіздік саласына бөлінетін қаржыны жыл сайын арттырып келеді. Мемлекетаралық қақтығыстарды дипломатия, халықаралық заңнамалар аясында шешуге тырысқанымен, соңғы жылдары әрбір елдің қауіпсіздігі – мемлекеттің әскери әлеуетіне тікелей байланысты болып отыр. Орта есеппен алғанда, әскери салаға бөлінетін қаржы әлем елдері бойынша, 2023 жылы 7%-ға артып, 2,4 триллион долларлық жаһандық нарықты құрады. Еуропалық Одақ елдерінің әскери салаға бөлген қаржысы тіпті 2023 жылы, тарихи рекорд орнатып, 16%-ға артты. Соңғы жиырма жыл бойына Таяу Шығыста, кейінгі жылдары Шығыс Еуропа аймағында геосаяси мәселелердің күрделене түсуі бүтінде барлық елдер үшін әскери өндіріс саласында импорттық өнімдерге тәуелділікті азайтып, заманауи армия қалыптастыруға серпін бергені байқалады. Елімізде 2023 жылы әскери қорғаныс саласына бөлінетін қаржы 6,8%-ға артып, 1,5 миллирад долларға жетті. Негізгі басымдық – қорғаныс саласын қажетті заманауи техникалармен жабдықтауға, отандық әскери өндіріс саласын қайта жаңғыртуға бағытталып отыр. Мақаламызда отандық әскери өндіріс саласының бүтіні мен болашағын талдап көрелік.**

- ***Алматы қорғаныс өнеркәсібі саласын модернизациялауда еліміздің интеллектуалды орталығына айналып отыр.***
- ***2024 жылғы Global Firepower (GFP) жаһандық рейтингіне сәйкес, Қазақстанның әскери қуаты 2024 жылы 145 елдің ішінде 58-орынды (2023 жылы – 63-орын) иеленді. Аталмыш рейтингке сәйкес, 2024 жылы Өзбекстан – 65, Қырғызстан – 100, Тәжікстан – 107-ші орындарға жайғасқан.***
- ***Қазақстан әскери қорғаныс саласына жылына бүгінде 1,4 миллион доллар бөледі. Бұл ел экономикасы ЖІӨ 0,68%-ды құрайды. Сарапшылар пікірінше, 2030 жылға дейін ЖІӨ кем дегенде 1% бөлу жоспарланған.***

# ҚОРҒАНЫС ӨНЕРКӘСІБІ КЕШЕНІ:

## Алматы – отандық индустрияның алтын бесігі

### Мемлекет қауіпсіздігінің тұғыры

Алматыда БҰҰ-ның тұрақты даму бойынша өкілдігінің аймақтық хабы жұмыс істейді. Аталмыш орталық тек БҰҰ жарғысы аясындағы құндылықтарды аймақта таратып қоймай, қауісіздік саласында, сонымен қатар қорғаныс саласындағы өндіріс кешені бойынша халықаралық ынтымақтастықпен қамтамасыз етуде маңызды қызметтер атқарады. Біріншіден, азаматтарымыз БҰҰ бағдарламалары аясында іс-тәжірибеден өтіп, кәсіби шыңдалса, екіншіден, аталмыш хаб қорғаныс саласындағы түрлі идеялар талқыланатын өзіндік талқы алаңына айналды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылы «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағыты» атты Жолдауында импортқа тәуелділікті азайтуға мүмкіндік беретін, жергілікті өнім үлесі жоғары өндіріс кешенін құру идеясына басымдық беріп, мұны ел қауіпсіздігі үшін стратегиялық бағыт деп атап көрсеткен болатын. Бүгінгідей жаһандық қауіпсіздік саласы мың құбылған шақта ұлттық армиямыз жоғары технологиялы қару-жарақпен және әскери техникамен, соның ішінде бронды техникамен, ұшқышсыз басқарылатын ұшу аппараттарымен, қазіргі заманғы атыс қаруларымен жабдықталуы – уақыт талабы екендігіне көзіміз жетіп отыр. Себебі, еліміздің қорғаныс өнеркәсібі кешені мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің стратегиялық негізі. Бүгінде отандық қорғаныс өнеркәсібі кешені дамуындағы басты міндеттердің бірі – қару-жарақ пен әскери техниканы жөндеу технологияларын игеру деңгейін 55%-ға дейін, заманауи өндірістерді 70%-ға дейін жеткізу жолға қойылып отыр.

Еліміз соңғы отыз жылда әскери салаға шет елден қажетті заманауи техникаларды көптеп алғанымен, отандық әскери өндіріс саласы кенже қалған болатын. Бүгінде Қазақстандағы қорғаныс-өнеркәсібі кешенін маңызды екі топқа бөліп қарастыруға болады.

Бірінші топқа соңғы 40 жыл бойына жұмыс жасап келе жатқан, кеңестік кезеңнен қалыптасқан өндіріс кешендерін жатқызамыз. Аталмыш кешендер авиация саласына қажетті қосалқы бөлшектерді, әуе қорғанысы саласына қажетті өнімдерді өндіреді. Негізгі шикізіт көздерін Ресейден импорттайтын болғандықтан бұл саладағы өндіріс көлемі соңғы көршімізге салынған санкциялар есебінен өзгерістерді бастан өткеруде.

Екінші топқа тәуелсіздік жылдары салынған компаниялар мен мемлекет пен жекеменшік серіктестігі аясында жұмыс жасайтын өндіріс орындары және шетелдік әріптестік сипатта жұмыс жасайтын компаниялар жатады. Халықаралық тәжірибе дәлелдегендей, қорғаныс өнеркәсібі саласында әріптестіктің артып, инновациялық технологиялардың дер кезінде енгізілуі тек ішкі сұранысты қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар экспорт ретінде шет елге шығарылып, ұлттық экономика негізін құрайды.

Ұлттық қорғаныс жүйесін нығайту мақсатында «Kazakhstan Engineering» компаниясы «Лейла» атты азаматтық және әскери мақсатта қолдануға бейімделген дрон әзірледі. Еліміздің қорғаныс саласы экспорттық әлеуетін күшейтіп, халықаралық нарықта бәсекеге қабілетті болуға ұмтылуда.



(Дереккөз: Midjourney.com).

Елімізде өндіріліп отырған әскери техникалардың тиімділігі мен маңызы шетелдік әскери алаңдарда, оқу-жаттығу жиындарында тестілеуден өткізіліп, тиімділігін сан рет дәлелдеді. Бұл салада уақыт талабына ілесіп әскери өндіріс саласындағы соңғы жаңалықтарды өндіріске енгізіп отыруда жаһандық ынтымақтастықтың тиімділігі айқын.

### Мегаполис заманауи технологияларды өндіріске енгізуде көшбасшы

**Алматы қаласы бүгінде заманауи өндіріс саласын цифрлауда, инновациялық идеяларды түрлі салаларға икемді кіріктіруде өңірлік хабқа айналған. Қорғаныс саласына қажетті өндірістік технологиялардың да Алматыдан бастау алуы сәйкестік емес.**

Бүгінде халықаралық ынтымақтастық бойына үлгілі қызмет етіп келе жатқан, «Kazakhstan Paramount Engineering» компаниясы – елімізде ғана емес, Орталық Азиядағы заманауи бронды доңғалақты машиналарды шығаратын ең ірі өндіруші. Аталыш компания, Оңтүстік Африканың Paramount Group компаниясымен тығыз жұмыс істейді. Компания MRAP (Mine Resistant Ambush Protected) типіндегі миналарға төзімді және тосқауылдан қорғайтын «Арлан», «Алан», «Номад», «Барыс» сынды үлгідегі бронетранспортерлерді өндіреді. Зауыттың өндірістік қуаттылығы жылына 120 машина, қажет болған жағдайда бұл көрсеткішті арттыру мүмкіндігі бар. Сонымен қатар, «Қазақстан Аселсан Инжиниринг» компаниясы қорғаныс саласында отандық және түркиялық тәжірибелі мамандармен бірлесіп, әскери қорғаныс кешені саласында қашықтықтан басқарылатын әскери ұшақтар, түрлі қорғаныс саласына қажетті қосалқы бөлшектер шығарумен айналысады.

Оңтүстік Корея, Израил, Түркия, Англия елдері бүгінде қорғаныс саласына қажетті құралдарды өндіруде озық нәтижелерге қол жеткізіп отыр. Отандық қорғаныс өнеркәсібі кешенін дамытуда шет елдің озық тәжірибелері негізінде отандық өндірісті жолға қою өте маңызды деп білеміз. Отандық қорғаныстың айбарлы, жауынгерлеріміздің жігерлі болуында уақыт талабына толық сәйкес келетін заманауи қорғаныс құралдарының елдігімізге міндет деп білеміз.



**Нұрболат НЫШАНБАЕВ,**
**сарапшы.**
**«Тұран» университеті.**

АССАМБЛЕЯ

# БЕЙБІТШІЛІК ПЕН КЕЛІСІМ

## шаһардың қауіпсіздік саясатының басты негізі


Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

**Алматыдағы «Достық» үйінде Тәуелсіздік күніне орай өткен «Қазақстан ауғандары: бейбітшілік пен келісімнің шаңырағы» атты кең ауқымды жиын елдің тұрақтылығы мен қауіпсіздік саясатының бір қырын көрсетті. Аталған іс-шараны «Ариана» Ауған орталығы» ұйымдастырып, оған қоғам қайраткерлері, этнос өкілдері мен қала тұрғындары қатысты. Іс-шараны Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Марат Әзілханов ашып, Алматы қаласының қауіпсіздік саясаты мен оның бейбітшілікке негізделген бағытын ерекше атап өтті.**

**Рая ЕСКЕНДІР**

*– Алматы – Қазақстанның ең ірі мегаполисі ғана емес, түрлі этнос өкілдерінің бейбіт өмір сүруіне үлгі болатын шаһар. Қала әкімдігі мен қауіпсіздік қызметтері этносаралық және конфессияаралық келісімді сақтау бағытында үлкен жұмыс атқаруда. Қоғамдық қауіпсіздікті нығайту – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың саясатының маңызды бөлігі. Біздің басты құндылығымыз – тұрақтылық пен бейбітшілік,* – деді Марат Алмасұлы.

Жиында сөз алған «Ариана» Ауған орталығының төрағасы Эльяс Мохмуд Алматы қаласы әкімдігі мен құқық қорғау органдарының қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытындағы қызметін ерекше атап өтті.

*– Бүгінде Алматы – бейбітшілік пен келісімнің символына айналған қала. Бұл – барлық этнос өкілдерінің еркін өмір сүріп, өз дәстүрлерін сақтай алатын ортасы. Әсіресе, қоғамдық тәртіп пен тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі құқық қорғау органдарының үлесі зор. Ұлтаралық келісімді дамытудағы қолдау үшін қала басшылығына және этномәдени бірлестіктердің жетекшілеріне алғыс айтамын, –* деді Эльяс Мохмуд

Сонымен қатар, жиын барысында Алматы қаласының қауіпсіздік саласына үлес қосқан азаматтар марапатталды. Атап айтқанда, генерал-лейтенант, Алматы қаласы әкімдігінің Генералдар кеңесінің мүшесі Басир Дорани, профессор Малих Ариф, сондай-ақ «Ақсақалдар кеңесінің» мүшелері Абдулхалек Абдулла мен қажы Исмаил Халика қаладағы бейбітшілік пен келісімді сақтау жолында атқарған еңбектері үшін құрметке ие болды.

Алматының қауіпсіздік саясаты тек қоғамдық тәртіпті сақтау ғана емес, сонымен қатар этносаралық келісімді нығайту, әртүрлі мәдениеттер мен дәстүрлерді біріктіру арқылы жүзеге асырылуда. Жиын барысында ауған жастары ұлттық киім үлгілерін көрсетіп, бұл олардың өз дәстүрлері мен мәдениетін сақтап, мегаполиске сіңісіп кеткенін айғақтайтын маңызды белгі екенін атап өтті. Қаланың қауіпсіздік саясаты қоғамдық тұрақтылық пен бейбіт өмірді қамтамасыз етуге негізделген. Тәуелсіздік күніне арналған бұл іс-шара Алматының қауіпсіздік саласындағы жетістіктерін тағы бір мәрте айқындап берді.

ШАҺАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

# ҚАЛА ҚАУІПСІЗ ӘРІ ЖАЙЛЫ БОЛУЫ ТИІС

*(Басы 1-бетте)*

### ЖОЛДА АБАЙЛАП ЖҮРІҢІЗ!

Алматыда қар жауған кезде қауіпсіздікті қамтамасыз ету – ең басты мәселе. Егер қарды уақытында тазаланбаса, жолдарға мұз қатып, жол-көлік оқиғаларына, жарақаттарға және басқа да қолайсыз жағдайларға әкелуі мүмкін. Қала тұрғындары мен билік органдары бірқатар шараларды қолға алуы тиіс. Мәселен, жаяу жүргіншілер үшін көшелерді, жолдарды, тротуарларды және кіреберіс жолдарды уақытылы қар мен мұздан үздіксіз тазартып отыру қажет. Жаяу жүргіншілердің тайып құлауын болдырмау үшін мұз басқан жерлерге құм немесе тұз себу тиімді екенін айта кеткен жөн.

Одан кейін тұрғындар қыста абайсызда құлап, мертігіп қалып жатады. Сондықтан қыс кезінде аяқтарыңызға тайғанамайтын табаны бар, жылы әрі жайлы аяқкиім киюге кеңес береміз.

Көлік жүргізушілері үшін де қауіпсіздік шаралары өте маңызды. Олар ең бірінші қыс мезгілі басталғанға дейін қысқы шиналарды орнату қажет. Қар жауған кезде жол тайғақ болады, сондықтан жылдамдықты шектеу және арақашықтықты сақтау маңызды екенін ескерте кеткіміз келеді. Жаяу жүргіншілерге жол беру және қауіпті жерлерде сақтықпен жүру, көлікті қар тазалайтын техниканың жұмысына кедергі келтірмейтіндей жерге қою да көлік жүргізушілер үшін маңызды ақпарат болмақ.

Ал коммуналдық қызметтер қар жауған сәттен бастап жолдар мен тротуарларды жылдам тазарту үшін арнайы техникаларды пайдалану, қала көшелерінде жиналған қарды арнайы орындарға шығару, электр сымдарында, шатырларда және ғимараттардың ернеулерінде пайда болатын мұзды уақытылы алып тастау секілді жұмыстарды жауапкершілікпен атқарып отырса, нұр үстіне нұр.

Қыс маусымында қоғамдық көлік жиі кешігіп жататын кездер болатынын жолаушылар жақсы біледі. Сол себепті, арнайы платформалар арқылы автобусыңыздың кестесін алдын ала тексеріп алыңыз. Қоғамдық көліктен түскенде абай болыңыз, себебі баспалдақтарда мұз болуы мүмкін.

КЕРЕК КЕҢЕС

***Қала тұрғындары қар жауған кезде пайда болатын қауіпті жағдайлар туралы жедел қызметтерге хабарлауы керек:***

- ***112 – Төтенше жағдайлар қызметі.***
- ***102 – Полиция.***
- ***109 – Алматы қаласының коммуналдық қызметтері.***

### БАЛА БАҚЫЛАУСЫЗ БОЛМАСЫН!

Қар жауғаннан кейін балалар аулада қар атысып ойнап, аққала жасап, ерекше көңіл көтергенді жақсы көреді. Сырғанақ, шана тебу де олардың сүйікті ісі. Десек те, оларға ойын кезінде көлік жолдарына жақындамау керектігін түсіндіру міндетті. Ал қардан жасалған сырғанақтарды арнайы рұқсат етілген жерлерде ғана жасауға рұқсат еткеніңіз дұрыс.

Үйдегі қауіпсіздікті те ұмытпағанымыз жөн. Шатырларда мұз немесе қардың жиналуына жол бермеу үшін оны уақытылы тазартып тұру, су құбырларының қатуын болдырмау үшін үйдегі температураны қалыпты деңгейде ұстаудың да маңызы зор. Қар жауған күндері бұл шаралар қала тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, Алматының қысқы кезеңін жайлы етуге көмектеседі.

МӘСЛИХАТ

# ҮШ ЖЫЛДЫҚ БЮДЖЕТ:

## Әлеуметтік сала басымдық болып қала береді

**Мәслихат депутаттары Алматы қаласының алдағы үш жылға арналған бюджетін қолдады.**

**Айнабай МӘДИ**

Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс XXV сессиясында депутаттар 2025–2027 жылдарға арналған қала бюджетін қолдап, бекітті. Сессия жұмысына қала әкімі Ерболат Досаев, депутаттар мен жергілікті атқарушы органдардың басшылары қатысты. Мегаполис басшысы Е.Досаев бюджет жобасы Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындауға, қаланың Даму бағдарламасы мен Бас жоспарының басымдықтарын жүзеге асыруға бағытталғанын атап өтті.

«2025 жылға арналған бюджет Алматыны бүкіл ел үшін үлгі ретінде тұрақты дамушы қала ретінде көрсетеді. Бұл бюджет қазіргі заманға сай, жайлы қала құруға бағытталған, онда әрбір тұрғын өміріндегі оң өзгерістерді сезіне алады. Бұл – мәслихат пен әкімдік арасындағы бірлескен жұмыстың негізгі міндеттерді тиімді шешуге мүмкіндік беретінін көрсететін мысал», – деп мәлімдеді Ерболат Досаев.

Мәселен, Алматының 2025 жылға арналған бюджеті 2 трлн 177 млрд теңге деңгейінде жоспарланған, бұл 2022 жылдың басындағы көрсеткіштен (1 трлн 70 млрд теңге) екі есе көп. Негізгі қаржыландыру бағыттары көлік және инженерлік инфрақұрылымды дамытуға, әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру мен қаланың экологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған. Әлеуметтік сала басымдық болып қала береді, оның қаржыландыруы 15%-ға (110,6 млрд теңгеге) ұлғайып, 851,9 млрд теңгеге немесе жалпы бюджеттің 39,1%-ына жетті.

Бюджетте даму жобаларына ерекше назар аударылған. Даму бюджетінің көлемі 2022 жылғы 207 млрд теңгеден 2025 жылы 455,9 млрд теңгеге дейін 2,2 еседен астам ұлғаяды. Бұл жол және инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту, қаланы көріктендіру мен қала ортасын жақсартудағы ірі жобаларды іске қосуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мегаполисті көріктендіру мен көгалдандыруға бағытталған «Таза Қазақстан» бағдарламасын белсенді түрде жүзеге асыру жалғасуда.

Алматы экономикасын дамытудың негізгі қозғаушы күші шағын және орта бизнес (ШОБ) болып қала береді. Бұл – қаланың жалпы өңірлік өнімінің 60%-дан астамы. 2025 жылы кәсіпкерлікті қолдауға 71 млрд теңге бөлінеді, бұл 4 мыңнан астам жаңа жобаның дамуын қамтамасыз етеді. 2030 жылға қарай ШОБ-тың қала экономикасына қосатын үлесі 70%-ға жетуге тиіс.

Сессия аясында депутаттар Алматы қаласын дамытудың 2021–2025 жылдарға арналған түзетілген жоспарын қабылдады. Өзгерістер ҚР-ның 2029 жылға дейінгі жаңа Ұлттық даму жоспарымен үйлестіруге байланысты енгізілді. Жаңартылған жоспарда жайлы қалалық орта, тұрақты экономикалық өсу, жасыл Алматы, урбанизацияны басқару, қауіпсіздік және цифрлық технологияларды дамыту сияқты бағыттар көзделген.

ҚАУІПСІЗДІК САЯСАТЫ

# КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК ПЕН ҚАЖЫРЛЫ ЕҢБЕК

## қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді

**Алматы қалалық ақпараттық-түсіндіру тобы діни экстремизм мен терроризмнің алдын алудағы жұмысын қорытындылады.**



**Айнабай ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ**

Алматы қаласы әкімдігі жанындағы діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жөніндегі ақпараттық-түсіндіру тобы жылдық жұмысының нәтижесін жариялап, дін саласындағы білікті мамандардың қатысуымен жиынын өткізді. Жиында есепті кезеңде офлайн форматта 600-ден астам іс-шара өткізілгені мәлім етілді. Жұртшылық арасында мәжіліс пен кездесулердің жалпы жиыны 70 мыңнан астам адамды қамтыпты.

«Бүгінгі кездесуіміздің мәнісі, ағымдағы жылы жүргізілген ақпараттық-түсіндіру жұмысын қорытындылау. Өзара бірлесе келе, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бағытында біраз жұмыс атқарылды. Кәсіби біліктілік пен қажырлы еңбектің арқасында жобамыз биылғы жақсы нәтижемен мәресіне жетіп, қорытынды мәжіліс – «дөңгелек үстел» үрдісіндегі жиында бас қостық. Биыл да әдеттегідей, маманданған топ өз қызметі аясында жоғары кәсібилік пен алға қойылған міндетті тиімді атқарды. Бұл жетістік ерен еңбек пен адалдықтың арқасында іске асты. Ақпараттық-түсіндіру тобымыздың құрамы қоғамдық ұйымдардың, сондай-ақ қаламыздың ғылыми-педагогикалық қоғамдастығының өкілдерінен тұрады», – деп мәлімдеді Алматы қалалық Дін істері басқармасының басшысы Нұрлан Қиқымов.

Аталған топ құрамындағы жас дінтанушы мамандар, теологтар, тарихшылар мен саясаттанушылардың байыпты бағдарда жұмыс істеуі қуантады. Олардың кәсібилігі мен жаңа көзқарасы жанды жұмыстың тиімділігін арттыруда. Осындай құзыретті мамандардың құрамда болуы келер жылға жүктелген міндетті сәтімен іске асыруға сеп боларына сеніміміз. Белсенді әрекет – қала тұрғындарының деструктивті діни ағымдармен байланысты мәселелерге дер кезінде араласуы.

«Бұл жолдағы жетістік – деструктивті діни адасудың алдын алу, қоғамдық келісім мен қауіпсіздікті нығайтуға қосқан маңызды үлес. Келесі жылы да топ алдында қиындық аз болмасы белгілі, міндет те мәлім. Алайда, біз қандай қиындықты да бірлескен күш-жігермен жеңуге дайынбыз», – дейді басқарма басшысы.

Бүгінде қалыптасқан жағдайға бейімделіп, алға қойылған мақсат аясында тиімді әрекет етілуде. Қол жеткізілген жетістікке қарамастан, діни экстремизм мен радикализм қаупі – өзекті мәселе. Біздің қазақ мұны «Жау жоқ деме – жар астында» деген. Салалық басқармадағылар осы қарқынды азайтпай жұмыс істеуді жалғастырамыз деп отыр. Бұл ретте жұртшылық тарапынан қолдау да маңызға ие.

«Дін проблемаларын зерттеу орталығы» мекемесінің зерттеп, зерделеуінен білгеніміз, білім мекемелеріндегі деструктивті діни ағымға адасуға түскен балалардың басым бөлігі, яки 80 пайызы – орыс тілінде сөйлейтін жеткіншектер, 20 пайызы – қазақ тілді жас өрендер екен. Бұл да болса, қазақы отбасындағы тәрбие мен тыйымның нәтижесі.

Ортақ істе бастысы – бастаманың батыл болуы, кәсібиліктің жетілгені. Мамандар келешекте мемлекеттің белсенді қолдауымен, күш-жігерді біріктіре келе, қоғамдық келісім мен бейбітшілікті қамтамасыз етуде жаңа мақсатқа қол жеткізуге болатынына бек сенімді. Алматы қаласы Дін істері басқармасының «Дін проблемаларын зерттеу орталығы» КММ ұйымдастырған басқосу соңында жыл бойы белсенділік танытып, өз кәсібилігін көрсеткен үздік сарапшыларды марапаттап, сый-сияпат жасап, «Алғыс хат» тапсырды.

ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ

# ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІ ОРЫНДАЛДЫ

## экологиялық қауіпсіз әрі жайлы нысандар пайдалануға берілді

**Алматының Медеу ауданында биыл тұрғындардың өтінішімен жүзеге асқан нысандарға арналған баспасөз туры өтті. Осының барысында жаңарған мектеп пен ауызсу мәселесіне орай жақсы пікірлер айтылды.**



Суретті түсірген К.ҚОНЫСБАЕВ.

Тур барысында ең әуелі жаңа сквер көрсетілді, оның аумағы 2,1 гектар. Бұл сквер бұрын қаңырап бос жатқан жердің орнына салынған. Медеу ауданының әкімі Еркебұлан Оразалиннің айтуынша, бұл аумақ бұрын жеке меншікке тиесілі болған, онда қоршалған, құрылыс қалдықтары толы шұңқыр болатын. Осылайша бұл жер екі жылдан астам уақыт бойы бос жатты. Жақын маңдағы тұрғын үй кешенінің тұрғындары балалармен серуендейтін демалыс аймағын ұйымдастыруды бірнеше рет сұраған.

Меншік иесімен келіссөздер жүргізіліп, жер коммуналдық меншікке берілді. Бүгінде аумақ көріктендіріліп, ол жерде демалуға арналған жайлы сквер пайда болды. Скверде жаңа күркелер, ойын алаңдары, орындықтар, көқыс жәшіктері және жарықтандыру тіректері орнатылды. 175 қылқан жапырақты ағаш отырғызылып, 1100 шаршы метр көгал төселді, оған автоматты суару жүйесі ұйымдастырылды.

Жергілікті тұрғын Кенжегүл Исламжанова немерелерімен демалуға және көршілерімен кездесу үшін жаңа скверге жиі келеді.

*«Бұрын бос жатқан жердің орнына осындай жаңа скверідің пайда болғаны керемет! Ең бастысы, ешқайда барудың қажеті жоқ, үйден шықтың, міне, сквер. Біз немерелерімізбен күн сайын осында келеміз. Олар ойнап, жүгіріп мәз болады. Ересектерге арналған демалыс орындары да бар, немерелерді бақылап, өзіміз де жақсы уақыт өткізе аламыз. Кешкісін жарық шамдардың арқасында тіпті әдемі. Біздің ауданымыздың өзгеріп жатқанына өте қуаныштымын!»,* – деді ол.

### Балаға қауіпсіз әрі жайлы мектеп

Медеу ауданы балаға барынша жағдай жасап жатыр. Ең әуелі білім ошақтарының ғимараты жаңарып, экологиялық қауіпсіз әрі жайлы нысандар пайдалануға берілді.

Келесі нысан – №98 жалпы білім беретін мектеп болды. Оның жобалық сыйымдылығы музыка мектебінің көшуі есебінен 300 орынға ұлғайды. №8 музыка мектебі Алматы әкімдігі сатып алған көрші ғимаратқа көшірілді.

Босатылған бөлмеде жөндеу жұмыстары жүргізіліп, осы жылдың қыркүйек айынан бастап бастауыш сынып оқушылары оқи бастады. Балалары №98 мектепте оқитын көпбалалы ана Райхан Өскенбаева шешім қабылдауға белсенді қатысқанын айтты.

*«Біздің мектебіміз өте жақсы, балаларым осында оқығанды ұнатады. Бірақ жылдар өте келе мектеп шамадан тыс жүктеліп, орын жетіспеді. Сондықтан музыка мектебін көшіріп, 500 шаршы метрлік ғимаратты босату дұрыс шешім болды. Енді бастауыш сыныптар үшін жақсы жағдай жасалған. Қызым жаңа, жарық сыныпта оқиды, парталары мен интерактивті тақталары бар. Ол мектепке қуана барады!»,* – деді ол.

### Таза ауызсу – денсаулық кепілі

Кейінгі кездері азық-түлік, су қауіпсіздігі басты орынға шыға бастады. Әсіресе, тұрғындарға судың таза әрі сапалы түрі беріліп, жақсылықтың дәмін ел-жұрт қуана татып келеді.

Баспасөз турының соңында қатысушылар таза суға арналған жаңа «Балқаш» резервуарына барды. Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен жүзеге асырылған бұл ауқымды жоба ауданның жоғарғы бөлігіндегі көпжылдық су мәселесін шешті. Бүгінде Каменск үстірті, Көлсай, Юбилейный және Мұзтау аудандарында тұратын 20 мыңнан астам тұрғын тұрақты сумен қамтылған.

*«Бұрын біз тау суын пайдаландық немесе су тасушылардан су алатынбыз. Екі жыл бұрын судың қысымы әлсіз болды, өйткені жеке үйлер бақшасын суаратын. 2023 жылы әкімнің халықпен кездесуіне қатысып, мәселені айттым. Ол уәдесін орындады, 2024 жылы біздің көшеге су берілді. Ладушкин көшесінің тұрғындары атынан тұрақты су үшін алғыс білдіремін!»,* – деді тұрғын Лаура Құрманғалиева.

Алматыда көріктендіру жобалары белсенді түрде қолға алынған. Бұл жұмысқа «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы үлкен үлес қосып отыр. Осы механизмнің арқасында әр тұрғын ауданын дамытуға тікелей әсер ете алады. Бағдарламаның тиімділігін ескере отырып, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев оның қаржыландыруын 18,8 млрд теңгеге дейін ұлғайтты, бұл өткен жылмен салыстырғанда, 5,8 млрд теңгеге көп.

**Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.**

ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ТАРТУ!

# ЖАҢА КӨПІР

## автокөлік жүргізушілері мен жаяу жүргіншілер үшін қауіпсіз қозғалысқа кепілдік береді



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

**Жыл мезгіліне қарамастан Жетісу ауданы аумағында ірі құрылыстар жүріп жатыр. Сенбі күні аудан әкімі Ләззат Жылқыбаеваның қатысуымен БАҚ өкілдеріне арналған пресс-тур өтті. Онда аудан аумағында жасалып жатқан жұмыстар мен қолға алынып жатқан жаңа жобалар таныстырылды. Солардың бірі – ел Тәуелсіздігіне тарту ретінде жоспарланған «Кемел» ықшамауданында жаңа көпір пайдалануға берілді.**

**Рая ЕСКЕНДІР**

«Кемел» ықшамауданындағы көпір бойындағы апатты жағдай салдарынан қозғалыс жабылып, шаһар басшысы Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша жаңасын салу туралы шешім қабылданған болатын. Ағымдағы жылдың тамыз айында құрылысы басталған жаңа көпірдің ұзындығы 33 метр, ал ені 8,5 метрден 14,5 метрге дейін созылып жатыр. Бұған қоса, жолдың екі жағында әрқайсысы 1,5 метрлік жаяу жүргінші жолдары бар.

Жолымбет көшесінің бұл бөлігі Алматы облысының жақын орналасқан елдімекендерімен (Қоянкүс кенті, Ынтымақ кенті, Жаңадәуір кенті, Жаңаталап кенті) жалғастырушы көше болып табылады.

Жұмыстың бірінші кезеңінде ескі көпірді бұзу, инженерлік желілерді қайта құру және бұрғылау әдісімен салынған қадаларды орнату жүзеге асырылды. Екінші кезеңде өзен арнасын нығайту және аумақты абаттандыру, соның ішінде жарықтандыру жұмыстары жүргізілді. Аудан әкімімен болған кездесулерде бұл жұмыстарды айдың аяғына дейін аяқтау жоспарланғаны айтылған еді.

*Жаңадан пайдалануға берілген көпір құрылысында қауіпсіздік шаралары қатаң сақталды. Бір аралықты типтегі жаңа көпір құрылымы қысқа мерзімде, шамамен, 4 айда тұрғызылды. Жұмыстың бірінші кезеңі аясында апаттық көпірді бөлшектеу, инженерлік желілерді қайта құру, 29 метрлік бұрғылау қадаларын монтаждау, тіректер мен тірек желілерін орнату жүргізілді. Салынған көпір ескіден екі есе ұзын – 33 метр. Сондай-ақ, ені 8,5-тен 14,5 метрге дейін ұлғайтылды, жүріс бөлігінің екі жағында әрқайсысы 1,5 метр жаяу жүргіншілер үшін тротуар қарастырылды,* – деді аудан басшысы Ләззат Жылқыбаева.

Сонымен, ықшамаудан тұрғындары асыға күткен жаңа көпір құрылысы толығымен аяқталды. Ең бастысы, мұндағы қауіпсіздік шаралары барлық ережелерге сай салынған. Ол автокөлік жүргізушілері мен жаяу жүргіншілер үшін қауіпсіз қозғалысқа кепілдік береді. Жаңа көпір барлық қажетті тексерулер мен сынақтардан өтті. Екінші кезең аясында өзен арнасын нығайту және жарықтандыруды қамтитын абаттандыру жұмыстары жалғасып жатыр. Бұдан басқа, өзен арнасын тазарту жүргізілетін болады. Жетісу ауданы көлеміндегі жұмыстарды ағымдағы айдың соңына дейін аяқтау жоспарлануда.

Ағымдағы жылдың маусым айында сонау 60-шы жылдардағы көпір құрылысына жүргізілген техникалық тексеру бетон конструкцияларының ішінара бұзылуын, көпір тіректерінде жарықтардың пайда болуын, деформациялық тігістің болмауын және өзге де ақауларды анықтаған еді. Жергілікті тұрғындар нормативтік мерзімнен әлдеқайда жылдам салынған көпірдің аяқталғанына ризашылықтарын білдіріп, енді көлік тығыны азаятын болды деген қуаныштарын жасырмады.

*«Кемел» ықшамауданы қала аумағына қосылғалы бері, көптеген игілікті жұмыстар жүргізіліп, жаңадан әлеуметтік нысандар ашылып жатыр. Шыны керек, біз ескі көпірді жөндеудің ұзақ күттік. Әсіресе, өмір қауіпсіздігіміз бізді қатты алаңдататын еді. Бұл бір өте сауапты жұмыс болды. Қауіпсіз әрі жаңа көпірдің қысқа мерзімде салынғанына таңқалып та жатырмыз. Жұмыстың өте сапалы әрі жаяу жүргіншілерге ыңғайлы жүргізілгенін байқадық. Жаңа көпір әлі талай онжылдықтарға қызмет ететін болады,* – дейді Айжан Самғатқызы.

### «Көкжиектегі» мұз айдыны

Жалпы ауданы 1500 шаршы метр болатын мұз айдынын орнату үшін «Көкжиек Garden» саябағының тұрақ аймағын кеңейту бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізіліп жатыр. Автотұрақ аймағына асфальт төсеу жоспарланған, одан кейін Алматы қаласының Спорт басқармасымен бірлесіп мұз айдыны орнатылады. Мұндай мұз айдынын Алматы қаласы Спорт басқармасы Серіков көшесінің бойындағы «Гүлдер» саябағында орнатты. Мұз айдыны ағымдағы жылдың 1 желтоқсанынан бастап жұмыс істей бастады.

### «Қарасу» жағалауы абаттанып жатыр

Жағалаудың құрылысын Қарасу өзенінің бойымен (Жолымбет көшесінен Жидебай көшесіне дейін) жүргізу жоспарлануда. Жағалаудың ұзындығы, шамамен, 1,5 км құрайды.

Бүгінгі таңда «Су жоба құрылыс» ЖШС жобалау ұйымы жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізіп жатыр. Құрылыс-монтаж жұмыстары 2025 жылдың 2 тоқсанында басталып, 2025 жылдың қыркүйек айының соңына дейін аяқталады деп жоспарлануда.

Жоба бойынша балалар, спорт, тренажер алаңдарын, воркаут алаңдарын абаттандыру және жарықтандыру тіректерін, орындықтарды, беседкаларды орнату және жағалауда төселетін төсеніштерді салу, сондай-ақ тұрғындардың ыңғайлы қозғалысы үшін көпірлер салу көзделген.

### «Есентай» өзенінің жағалауына күрделі жөндеу жүргізіледі

«Kokjiek Garden» саябақ аймағын күрделі жөндеуге арналған учаске Жетісу ауданының «Көкжиек» ықшамауданындағы Есентай өзенінің екі жағында орналасқан. Бұған дейін бұл учаскеде абаттандыру болмаған, жағалау аймағы Гамарник көшесінен «Көкжиек» ықшамауданындағы жол жабынсыз автомобиль жолы қызметін атқарған еді.

Гамарник көшесі тұрғындарының түскен шағымынан соң, Жетісу ауданы әкімінің аппараты «Көкжиектен» «Кемел» шағынауданына кедергісіз және қауіпсіз өтуге мүмкіндік беретін жағалау аймағын салу туралы шешім қабылдады. «Көкжиек» ықшамауданындағы «Kokjiek Garden» саябақ аймағы іргелес жатқан тұрғын алаптарының тұрғындарының демалуына қолайлы жағдайды қамтамасыз етеді.

САРАПТАМА

# ӘСКЕРИ БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ

## Азаматтық қорғаныс саласының маңызды бағдары

**Кез келген мемлекет үшін қорғаныс – басым саланың бірі. Себебі, халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – мемлекеттің саяси институт ретіндегі басты қызметі. Әсіресе, қазіргідей әлемдегі геосаяси тұрақсыздық, халықаралық құқықтың әлсіреуі әскери әлеуетті арттырудың қаншалықты маңызды екенін көрсетуде.**

**Мұны халықаралық зерттеу орталықтары да айтуда. 2022 жылдан бері әлемде қорғаныс саласына құйылатын қаражат өсіп келеді. Қазақстан да бұл үдерістен тыс қалмауы тиіс. Бұл бағдарда еліміздің ірі мегаполисі – Алматы қаласының орны бөлек.**


(Дереккөз: ҚР ҚМ сайты)

### Қорғаныс – басты назарда

Еліміздің қорғаныс саласын Президент басқарады. Ол әкімшілік басқарудағы басты тұлға ғана емес, сонымен бірге ҚР Қарулы күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы болып саналады. Жүйелі-құрылымдық тұрғыдан басшылықты Мемлекет басшысы жүзеге асырады.

Соңғы конституциялық өзгерістерден кейін Мемлекет басшысы тікелей қорғаныс, Ішкі істер және Сыртқы істер министрлерін тағайындайды. Үшеуі де маңызды министрліктер. Олардың ішінде Қорғаныс министрлігінің орны бөлек.

Министрлік қорғаныс саласындағы мемлекеттік саясатты, ҚР Қарулы Күштерін әскери-саяси және әскери-экономикалық басқаруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган. Сондай-ақ, мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті орган.

**Мемлекеттік орган мынадай міндеттер атқарады:**

*• Қорғаныс саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру, сондай-ақ мемлекетте бірыңғай әскери-техникалық саясатты жүргізу;*

*• Қарулы Күштерді әскери-саяси және әскери-экономикалық басқаруды жүзеге асыру;*

*• Агрессияға тойтарыс беру, ҚР аумақтық тұтастығы мен егемендігін қарулы қорғау, мемлекеттік және әскери объектілерді күзету және қорғау, әуе кеңістігін қорғау. Сондай-ақ, ҚР ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес міндеттерді орындау үшін Қарулы Күштердің жауынгерлік әзірлігін және жауынгерлік қабілеттілігін қамтамасыз ету.*

2022 жылдың 19 қаңтарынан бері министрлікті Руслан Жақсылықов басқарады. 1992 жылы құрылғалы бері салада 13 рет министр ауысты. Соңғы жылдардағы қоғамдық-саяси үдерістер мен сыртқы геосаяси оқиғалар қорғаныс саласын реформалаудың қажет екенін көрсетті. Қазіргі министр осы бағытта жұмыс жасауда. Алда атқарар шаруа көп, десе де кейбір маңызды қадамдар жасалды.

### Алматы әлеуеті

Алматы – еліміздің ең ірі мегаполисі. Ресми дерекке сүйенсек, қала халқының саны 2,2 млн-нан астам. Бейресми мәлімет бұдан да көп болуы мүмкін. Себебі, ішкі миграция қарқыны жоғары. Халқының саны көп болғандықтан жұмылдыру әлеуеті жоғары. Десе де, Алматы қаласы азаматтық қорғанысқа, әскери білім мен ғылымға жақын.

ҚР Қорғаныс министрлігі әкімшілік-аумақтық құрылымы бойынша беске бөлінеді. Олар «Астана», «Оңтүстік», «Шығыс», «Батыс» өңірлік қолбасшылығы және де ҚР ҚК десанттық-шабуылдау әскерлері. Алматы қаласы «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы аумағында орналасқан. Алайда, Алматы, Жамбыл, Түркістан және Қызылорда облысында әкімшілік тұрғыда енгізілген.

Демек, қаланың қорғаныс саласында басқа қызмет атқарады.

Қорғаныс министрлігінің ресми сайтындағы мәліметке сүйенсек, мемлекеттік органның 9 жұмыс бағыты бар. Олардың ішінде әскери-техникалық және өзге әскери мамандықтар бойынша азаматтарды дайындау, сондай-ақ әскери білім мен ғылым бағытындағы шаралар Алматы қаласында кең ауқымда жүзеге асады.

Әскери-техникалық және өзге әскери мамандықтар бойынша азаматтарды дайындауды «ҚР ҚМ Әскери-техникалық мектебі» РМҚК жүзеге асырады. Ол Алматы, Талдықорған, Тараз, Шымкент, Қызылорда, Семей, Өскемен, Павлодар, Ақтөбе, Атырау, Орал, Қарағанды, Көкшетау қалаларында орналасқан 13 филиалдан тұрады.

Бұдан бөлек, Алматы ғылым мен білім, жастар қаласы. Орта және жоғары оқу орындары шоғырланған. Бұл – қаланың басты артықшылығы. Себебі, жоғары оқу орындарының әскери кафедраларында кез келген азамат білім ала алады.

**Жалпы еліміздің әскери білім беру жүйесі мынадай деңгейден тұрады:**

**• Әскери оқу орнынан кейінгі білім. Астана қаласында орналасқан ҚР Ұлттық қорғаныс университетінде әскери білім ала алады.**

**• Жоғары білім. Алматы қаласында Құрлық әскерлері әскери институты мен Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтында оқытылады. Бұдан бөлек, Әуе қорғанысы күштері әскери институты бар.**

**• Техникалық және кәсіптік білім. Астанада С.Нұрмағамбетов атындағы әскери колледж және Щучинск қаласында Ш.Уәлиханов атындағы әскери колледж шәкірт дайындайды.**

**• Орта білім. Алматы, Қарағанды және Шымкент қалаларында «Жас ұлан» республикалық мектептері әскери орта білім берумен айналысады.**

**• Қосымша білім. Бұл бағдарлама бойынша әскери қызметшілер ҚР ҚМ әскери оқу орындарына, сондай-ақ шетелдік әскери оқу орындарына біліктілік арттыру курстарына жіберіледі.**



**Пердехан ШӘМШИЕВ,**
**сарапшы.**

СҰХБАТ

# ТҰРҒЫНДАР ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ БАСЫМДЫҚ

## Ләззат ЖЫЛҚЫБАЕВА, Жетісу ауданының әкімі:

**Жетісу ауданы – Алматының байырғы аудандарының бірі. Тұрғындардың саны жағынан да алдыңғы орында. Бұған қоса, ең ірі кәсіпорындар мен өндіріс ошақтарының басым көпшілігі де осы аудан аумағына шоғырланған. Аудан орналасқан аумақтың қыста қар көшкіні, көктемде су тасқыны қаупі бар. Аудан тұрғындарының қауіпсіздігі басым бағыттардың бірі саналуы да сондықтан болса керек. Біз Жетісу ауданының әкімі Ләззат ЖЫЛҚЫБАЕВАНЫ сөзге тартып, аудан көлеміндегі қауіпсіздік шараларына қатысты сауалымызды қойған едік.**

**– Ләззат Әуезханқызы, әңгімеңізді ауданда қолға алынып жатқан қауіпсіздік шаралары туралы бастасаңыз.**

– Мемлекет басшысы өзінің дәстүрлі Жолдауында азаматтардың әл-ауқатын арттырумен қатар, қауіпсіздік шараларын нығайту мәселесін де басты басымдық ретінде назарда ұстап келеді. Дәл қазіргі кезеңде ауданымызда екі маңызды жоба қолға алынып отыр.

Оның бастысы, осы аудандағы Шелихов көшесінің 2 және 18 үйлері арасындағы және Волочаевская көшесінің 55 және 77 үйлері арасындағы еңісті нығайту арқылы топырақтың көшкінін болдырмау мәселесі шешімін тауып, осы тұрғыда жұмыстар жасалып жатыр. Бұл да бір тұрғындардың алаңдаушылығын тудырып отырған мәселенің бірі еді.



Сондықтан қала әкімінің тапсырмасы бойынша осы мақсаттағы жүргізіліп жатқан жұмыс үшін жергілікті бюджет резервінен 389,7 млн теңге бөлінді. Негізінен мұндай қолайсыз жағдай тұрақсыз топырақтардағы құрылыс нормаларын бұзу нәтижесінде пайда болғаны белгілі. Сондай-ақ, Шелихов көшесіндегі үйлер тік әрі көшкін қаупі бар беткейдің қасына жақын салынған. Бұған қоса, Волочаевская көшесіндегі үйлердің иелеріне жер бедерін қауіпті түрде қайта құрып, төменнен көшкін қаупі бар беткейді бекітіп тастауына қатаң тыйым салынды. Сәтін салса, 2025 жылдың наурыз айының соңына дейін осы учаскелерде тіреу қабырғасының құрылысы толықтай аяқталатын болады. Бүгінгі таңда «Жол картасы» аясында Жетісу ауданында 597 бейнебақылау камерасы орнатылған. Мәселен, көппәтерлі тұрғын үйлердің аулаларында – 130, білім беру объектілерінде – 263, көше қиылыстарын бақылауға – 52 камера және 152 камера саябақтар мен демалыс орындарына орналасқан.

Аудан тұрғындарының қауіпсіздігі үшін аталған жүйені кеңейту аясында адамдар көп жиналатын орындарда (ББЖ 6000) Жетісу аудандық полиция басқармасымен бірігіп, ауданның қамтылмаған аймақтары мен жаңа орындар анықталды. Осы ретте Алматы қалалық Цифрландыру басқармасына тағы 750 бейнебақылау камерасын орнатуға өтінім жолдадық. Бұл бейнебақылаулар негізінен қоғамдық кеңістіктерде, аула аумақтарында, ҚТК алаңдарында, жерүсті жаяу жүргіншілер өткелдерінде орнатылатын болады. Ауданның қамтылмаған аймақтарына бейнебақылау орнату арқылы жергілікті полицияның қызмет көрсету сапасы жақсаратыны белгілі. Әрине, бейнебақылау камералары арқылы аудан аумағындағы орын алатын қылмыс дер кезінде ашылып, басқа да қылмыстың тіркелуі төмендері анық.

**– «Сергек» жүйесінің жұмысына аудан тұрғындарының көңілі тола ма?**

– Иә, қаламызда қандай да бір жаңашыл жүйе енгізілсе, ол азаматтардың жайлы өмірі үшін жасалып жатқанын ескеруіміз керек. Соның бірі – осы «Сергек» жүйесі. Нақты мысалдарға сүйенсем, Алматы қаласы ПД ақпаратына сәйкес, «Сергек» жүйесін орнатқалы бері соңғы 3 жылда Алматы қаласының аумағында жолдағы адам өлімінің саны 40%, жол-көлік оқиғалары 17% және жарақат алғандардың саны 30% пайызға төмендеген көрінеді. Әрине, «Сергек» жүйесін енгізгелі бері, жүргізушілердің де көлік құралдарын жүргізу этикасы жақсарып келеді.

**– Балалардың қауіпсіздігінің қашан да басты орында тұруы заңды. Осы тұрғыда аудандағы білім мекемелерінде қауіпсіздік үшін нендей шаралар жүзеге асып жатыр?**

– Ауданымыздағы барлық мектепке дейінгі мекемелер мен мектептерде бейнебақылау мониторингі жүйесі орнатылған. Бұл тек біздің ауданымызда ғана емес, қаламыздың барлық аудандарындағы мектептер түгел жабдықталған. Мәселен, осындай қауіпсіздік жүйесі аудандағы 21 балабақша мен 21 мектепте орнатылған. Сондай-ақ, арнайы дабыл түймесі, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мектептер Face ID қауіпсіздік жүйесімен жабдықталған. Ата-аналар балаларының мектепке кіріп-шыққанын біліп отырады. Бұған қоса, арнайы күзет қызметкерлері ғимарат қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

**Сұхбаттасқан**
**Рая ЕСКЕНДІР.**

Almaty AQSHAMY
№104-105 (6556) 10 желтоқсан, 2024 жыл
almaty-akshamy.kz


МАМАН КЕҢЕСІ



**Алматыда IT технология, интернет сауаттылық төңірегінде бірқатар игі бастамалар жүзеге асып жатыр. Бүгінгі таңда торапты бәрі қолданады. Игілігін көреді. Егер артық уақыт жұмсалса, адам зейініне зияны да бар. Сондықтан ғаламторды тиімді пайдалану маңызды.**

**Мегаполисте интернет қауіпсіздік, киберқауіпсіздік, интернет алаяқтық, жалған мәлімет таратушылар және т.б. тақырыптар жайында бірнеше мәрте басқосулар, жүздесулер өтті. IT мамандар, бағдарламашылар, компьютердің тілін жетік білетіндер, құзырлы орган өкілдері, белсенді азаматтар бұл проблемалардың алдын алу бойынша ауқымды істер атқарып келеді. Осы және басқа да өзекті тақырыптар жөнінде тілші сауалына орай сала маманы Қазақстандағы, Орталық Азия мен Моңғолиядағы «Касперский зертханасының» директоры Валерий ЗУБАНОВ өз ой-пікірін білдірді.**

# ЦИФРЛЫҚ ЭКОЖҮЙЕ – СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТ

## Өз деректеріңізге сақ болыңыз

Киберқауіпсіздік – бұл ақпараттық жүйелерді, желілерді және деректерді кибершабуылдардан, рұқсатсыз кіруден, ұрлықтан немесе зақымданудан қорғауға бағытталған шаралар, технологиялар мен тәжірибелер жиынтығы. Деректер адамдардың, ұйымдар мен мемлекеттердің өмірінде шешуші рөл атқаратын қазіргі цифрлық дәуірде олардың құпиялылығын, тұтастығын және қолжетімділігін қамтамасыз ету өте маңызды болады. Киберқауіпсіздік көптеген салаларды қамтиды, соның ішінде аппараттық және бағдарламалық жасақтаманы, байланыс желілерін және деректердің өзін қорғау.

Киберқауіпсіздіктің маңызды аспектісі – әртүрлі формада болуы мүмкін киберқауіптермен күресу: вирустар, зиянды бағдарламалық жасақтама, фишингтік шабуылдар, хакерлік шабуылдар, деректердің бұзылуы және қызмет көрсетуден бас тарту (DDoS шабуылдары). Заманауи киберқауіпсіздік шешімдеріне деректерді шифрлауды, брандмауэрлерді, кіруді анықтау жүйелерін, антивирустық бағдарламаларды пайдалану және бағдарламалық жасақтаманы үнемі жаңарту кіреді. Сондай-ақ, қызметкерлер мен пайдаланушыларды интернеттегі қауіпсіз әрекет негіздеріне үйрету үлкен маңызға ие, өйткені адам факторы көбінесе қорғаныстың әлсіз буынына айналады.

Ұйымдар үшін киберқауіпсіздік тек деректер мен беделді қорғау ғана емес, сонымен қатар заң талаптарын сақтау болып табылады. Көптеген елдер компаниялардан өз клиенттерінің деректерін тиісті түрде қорғауды талап ететін қатаң реттеулер жүргізеді. Мысалы, Еуропада деректерді қорғаудың жалпы ережесі (GDPR) бар, ол ақпараттың ашылып қалуы үшін ауыр айыппұлдарды қарастырады. Осылайша киберқауіпсіздік цифрлық экожүйенің барлық қатысушылары үшін технологиялық ғана емес, стратегиялық міндетке айналады.

Смартфондар мен интернет күнделікті өмірде маңызды рөл атқаратын қазіргі әлемде бұл технологияларды пайдалану тиімділігі өнімділікті, денсаулықты және жеке тепе-теңдікті сақтаудың негізгі факторына айналады.

## Интернетті тиімді пайдалану үшін бірнеше нұсқаулық:

**Нақты мақсат қойыңыз және уақытты шектеңіз. Интернетті пайдалану мақсатты болуы керек. Ақпаратты іздеуге, сөйлесуге немесе контент қарауға қанша уақыт жұмсайтыныңызды жоспарлаңыз. Бұл үшін iOS жүйесіндегі Screen Time немесе Android жүйесіндегі Digital Wellbeing сияқты экран уақытын бақылайтын қолданбалар көмектеседі. Кейінге қалдыруды жиі тудыратын әлеуметтік медиаыны пайдалануға шектеулер қойыңыз және маңызды тапсырмаларға уақыт бөліңіз.**

**Контентті сұрыптай біліңіз. Интернет – үлкен ақпарат көзі, бірақ барлық контент бірдей пайдалы емес. Дамуға көмектесетін сапалы ресурстарға жазылыңыз: білім беру платформалары, танымал ғылыми сайттар және сарапшылардың блогтары. Шексіз жаңалықтар ағынына батудың орнына зерттеуге тұрарлық материалдарды жинау үшін бетбелгілерді**



(Сурет ашықдереккөзден).

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

*** Сіз өзіңіздің жеке деректеріңізді, парольдеріңізді немесе банктік деректемелеріңізді бейтаныс адамдарға телефон арқылы ешқашан бермеңіз.**

*** Төлемдер, аударымдар немесе «ұтыстар» талаптары бар кез келген хабарламаға күдіктеніңіз.**

*** Жақындарыңызға, әсіресе, қарт адамдарға бейтаныс адамдардың қоңырауларына немесе хабарламаларына қалай жауап беру керектігін үйретіңіз.**

**пайдаланыңыз. Бұл ақпараттық шуды азайтады және шамадан тыс жүктемені болдырмайды.**

**Өзін-өзі дамыту үшін технологияны қолданыңыз. Интернет өзін-өзі дамытудың көптеген мүмкіндіктерін ұсынады: онлайн курстар, электронды кітапханалар, тіл үйренуге арналған платформалар, жаттығулар және т.б. Мысалы, Coursera-да жаңа дағдыларды үйренуге, Duolingo арқылы тілдерді үйренуге немесе Headspace арқылы медитацияны үйренуге болады. Күні бойы әлеуметтік медианы ойланбастан айналдырудың орнына пайдалы контентке уақыт бөлуге тырысыңыз.**

Бұл нұсқауларды орындау арқылы Сіз интернет пен смартфонды алаңдаушылық көзінен жеке және кәсіби өсу құралына айналдыра аласыз, Нақты және цифрлық өмір арасындағы тепе-теңдікті сақтай аласыз.

Біздің компания Қазақстанның түрлі қалаларында тренингтер мен түрлі іс-шаралар өткізеді. Біз, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетімен бірге 2023 жылы студенттерге арналған «Kaspersky Cyberday» конференциясын өткіздік. 2019 жылы Алматы энергетика және байланыс университетінде, Satbayev University білім ордасында, Қазақстан–Британ техникалық университетінде, Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде, Халықаралық бизнес университетінде, Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде, «Нархоз» университетінде және халықаралық ақпараттық технологиялар университетінде IT-Law қазақстандық заң компаниясымен бірлесіп курстарға бастамашылық жасадық.

2023 жылы «Касперский зертханасы» онлайн-тренингі халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің оқытушыларының біліктілігін арттырды. Ал 2024 жылы Касперский зертханасы мен ЮНИСЕФ Қазақстанда ата-аналарға арналған шеберлік сыныптарын іске қосты.

Интернеттегі алаяқтықтың алдын алу – бұл техникалық және әрекет шараларын саналы түрде қабылдауды және қолдануды қажет ететін өзекті міндет.

## Алаяқтардан қорғануға арналған ұсыныстар

Жеке ақпаратпен абай болыңыз. Телефон нөмірлері, мекенжайлар немесе төлқұжат деректері сияқты жеке деректерді көпшілікке жариялаудан аулақ болыңыз. Электрондық пошталар, мессенджерлер немесе тексерілмеген сайттар арқылы құпия ақпаратты, соның ішінде парольдер мен банктік карта деректерін ешқашан жібермеңіз. Тіркелгілеріңізді қорғау үшін күрделі құпия сөздерді және екі факторлы аутентификацияны (2FA) пайдаланыңыз.

Ресурстар мен сілтемелердің сенімділігін тексеріңіз. Жеке деректерді енгізбес бұрын сайттың қорғалғанына көз жеткізіңіз (оның мекенжайы «https://»деп басталады). Бейтаныс ресурстарға сілтемелері бар немесе тым тартымды ұсыныстар ұсынатын электрондық пошталарға немесе хабарламаларға абай болыңыз. Фишингтік шабуылдар көбінесе сіздің деректеріңізді ұрлау үшін белгілі қызметтерге еліктейтін жалған сайттарды пайдаланады.

Құрылғыларды үнемі жаңартып, антивирустық бағдарламалық жасақтамаларды қолданыңыз. Бағдарламалық жасақтама жаңартулары көбінесе осалдықтарды жоятын қауіпсіздік патчтарын қамтиды. Сенімді антивирустық бағдарламалық жасақтаманы орнатыңыз және құрылғыларды зиянды бағдарламаларға үнемі тексеріп отырыңыз. Амалдық жүйе мен қолданбаларды автоматты түрде жаңартуды орнату да пайдалы.

Қаржылық операцияларға мұқият болыңыз. Күдікті операциялар үшін банктік транзакцияларыңыздың тарихын тексеріңіз. Бір реттік кодтар (OTP) арқылы операцияларды растау сияқты қауіпсіздіктің қосымша қабатын ұсынатын банктік қосымшалар мен төлем жүйелерін пайдаланыңыз. Ешқашан бейтаныс адамдарға олардың адалдығына сенімді болмай ақша аудармаңыз.

Жақын адамдарыңызға дәріс беріңіз және хабарлаңыз. Білім – қорғаныс кілті. Жалпы алаяқтық схемаларын зерттеңіз (мысалы, фишинг, инвестицияларға «алдау», лотерея ұтыстары) және олар туралы отбасыңыз бен достарыңызға айтыңыз. Мұндай қауіптер туралы аз хабардар болуы мүмкін егде жастағы адамдарға да қауіпсіздік амалдарын үйрету өте маңызды.

## Алматылықтар киберсауатты болғаны жөн

Егер Алматы тұрғындары телефон арқылы алаяқтыққа немесе әлеуметтік желілерде күдікті хабарламаларға тап болса, тез әрі дұрыс әрекет ету маңызды. Бұл ретте өңдеуге арналған негізгі қадамдар мен байланыс нүктелері бар. Егер Сіз интернет немесе телефон арқылы алаяқтықтың құрбаны немесе куәгері болсаңыз, құқық қорғау органдарына хабарласыңыз. Яғни 102 нөміріне қоңырау шалыңыз немесе жақын жердегі полиция бөліміне барыңыз.

***Жан-жақты ақпарат дайындаңыз: сізге қоңырау шалған телефон нөмірі, хабарлама мәтіні, хат алмасу скриншоттары немесе басқа дәлелдер.***

Алматыда 109 бірыңғай байланыс орталығы (iKomek) жұмыс істейді. Мұнда күдікті жағдайлар туралы хабарлауға немесе одан әрі әрекет ету бойынша кеңес сұрауға болады. Операторлар сіздің жағдайыңызды тиісті қызметтерге жібереді.

Егер алаяқтар сіздің банктік деректеріңізге қол жеткізуге тырысса немесе сіз оларға ақпарат берген болсаңыз, дереу банкке хабарласыңыз:

***Картаны немесе шотты бұғаттаңыз.***

***Соңғы транзакцияларды тексеріп, банкті ықтимал алаяқтық әрекеттер туралы ескертіңіз.***

Қазақстанда кибершылмыспен күрес жөніндегі арнайы полиция бөлімшесі жұмыс істейді. Сіз eGov.kz портал арқылы өтініш бере аласыз немесе интернет-алаяқтыққа шағымдар үшін онлайн-нысандар Қазақстан Республикасы ІІМ сайтында қолжетімді.

Instagram, Facebook және WhatsApp сияқты әлеуметтік желілердің көпшілігінде жалған аккаунттарға немесе хабарламаларға шағымдануның кіріктірілген механизмдері бар. Бұл платформаларға зиянкестерді блоктауға көмектеседі.

Әзірлеген
**Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.**





НАШАҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС

# ЕСІРТКІГЕ ЖОЛ ЖОҚ!

## Салауатты өмір салтын ұстану маңызды

**Алматыда есірткінің заңсыз жарнамаларына қарсы ауқымды «Наркостоп» акциясы өтті. Бұл іс-шара қала ғимараттары мен көшелерінде есірткі жарнамаларын жою және жастарды салауатты өмір салтын ұстануға шақыру мақсатында ұйымдастырылды. Акция Алматы қалалық жастар саясаты басқармасы, прокуратура және Полиция департаментінің қолдауымен өткізілді.**

**Ернұр РЫСБАЙ**

Акцияға қаланың белсенді жастары мен еріктілері қатысты. Олардың қатарында әртүрлі білім беру мекемелерінің студенттері, жастар ұйымдарының өкілдері және өз еркімен қоғамға үлес қосуға ниетті қала тұрғындары болды. Іс-шараның ашылуында ұйымдастырушылар есірткі мәселесінің қоғам үшін қауіпті екенін және жастардың бұл мәселені шешудегі рөлі ерекше екенін атап өтті.

– Биылғы жылы атқарылған жұмыстар туралы айтатын болсам, «Наркостоп» жобасы тек есірткі жарнамаларын бояумен шектелмейді. Жобамыз аясында қаланың әртүрлі аудандарында фронт-кеңселер қызмет көрсетеді. Бұл кеңселердің мақсаты – есірткіге тәуелділік мәселесімен бетпе-бет келген отбасыларға тегін заңгерлік және психологиялық кеңестер беру. Есірткінің заңсыз жарнамалары тек заңбұзушылық қана емес, сонымен қатар қоғамымыздың болашағына қауіп төндіретін әрекет. Біз жастардың санасын уландыруға жол бермеуіміз керек. Бүгінгі акция – соның айқын дәлелі, – деді «Наркостоп» жобасының үйлестірушісі Нұржан Жақыпов.

Акция барысында еріктілер қала көшелері мен ғимараттарын аралап, есірткі сатушылармен байланыс орнатуға жазылған заңсыз жарнамаларды бояу жұмыстарын жүргізді. Олар тек жарнамаларды бояумен шектелмей, тұрғындарға есірткіге қарсы күрестің маңыздылығы туралы ақпарат берді. Әсіресе, жастар арасында түсіндіру жұмыстары кеңінен жүргізілді.

– Бүгінгі іс-шараның өткізілуі – қаламызда есірткіге қарсы күрес шеңберінде қолға алынған кезекті маңызды акцияның бір бөлігі. Бұл акцияның мақсаты – Алматы қаласының әртүрлі аудандарында орналасқан есірткі жарнамаларын анықтап, жою, – деді Алматы қаласы Полиция департаменті Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілі, полиция подполковнигі Дәурен Көбеев.

Акцияның тағы бір маңызды бөлігі есірткі мәселесі туралы ақпарат тарату болды. Еріктілер тұрғындарға есірткінің зияны туралы буклеттер таратып, есірткіге тәуелділіктің алдын алу жолдарын түсіндірді. Сонымен қатар, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында шағын флешмоб ұйымдастырылды. Бұл флешмобта қатысушылар спорттың маңыздылығын, зиянды әдеттерден бас тартудың қажеттілігін көрсетті. Олар өз іс-әрекеттері арқылы қоғамды есірткіден ада болашаққа қадам басуға шақырды.

«Наркостоп» акциясы Алматы жастарының есірткі мәселесіне бей-жай қарамайтынын және оны шешуге үлес қосуға дайын екенін көрсетті. Бұл іс-шара тек заңсыз жарнамаларды жоюмен ғана шектелмей, жастар арасында есірткіге қарсы иммунитет қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам болды.

Мұндай акциялар қоғамды біріктіріп, әрбір азаматтың жауапкершілігін арттырады. Еріктілердің еңбегі арқылы Алматы көшелері есірткі жарнамаларынан тазарып, қоғамның бұл мәселені шешуге деген сенімі нығая түсті. «Наркостоп» акциясы салауатты өмір салтын насихаттап, жастардың белсенділігін арттырудың айқын үлгісіне айналды. Бұл іс-шара есірткісіз болашаққа қадам басу жолындағы маңызды қадам болып қала бермек.







ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Дәурен КӨБЕЕВ, Алматы қаласы Полиция департаменті есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілі, полиция подполковнигі:**

### ЗАҢ – БӘРІНЕ ОРТАҚ

*Жыл басынан бері есірткі жарнамасына қатысты 30-дан астам факті анықталды, бұл өткен жылмен салыстырғанда бірнеше есе көп. Мұндай нәтижеге Бас прокуратура, Ішкі істер министрлігі және Президент Әкімшілігі тарапынан нақты тапсырмалар берілгеннен кейін қол жеткізілді. Олар есірткіге қатысты құқық бұзушылықтарды анықтау және алдын алу бойынша қатаң шаралар қабылдауды тапсырды. Акция барысында есірткі жарнамасын таратумен айналысқандардың көпшілігі аялдамаларда, қоғамдық орындарда, атап айтқанда, Абай даңғылы мен Розыбакиев көшесінің бойында ұсталды.*

*Қылмыскерлердің жасы 12-ден 40 жасқа дейінгі аралықта. Бұл жағдайлардың ішінде ең шулысы – 12 жастағы қыздың есірткі жарнамасын жапсыруы болды. Ол өзінің не істеп жатқанын түсінбеген және заңды әрекет деп ойлаған. Бұл істі тергеу барысында қыздың ата-анасына әкімшілік айыппұл салынды, ал қыз бақылауға алынып, есепке қойылды. Бұл жағдай бізге есірткі бизнесінің шекара білмейтінін және жасөспірімдерді де қылмыстық әрекетке тартатынын көрсетті. Сондықтан бізге мұндай қылмыстардың алдын алу бойынша агрессивті және жан-жақты шараларды қабылдау қажет.*

*Бұл мектептерде, колледждер мен университеттерде ғана емес, сонымен қатар ақпарат құралдары арқылы тұрақты түрде жүргізілуі тиіс. Министрліктер, құқық қорғау органдары, денсаулық сақтау мекемелері және білім беру ұйымдары бірлесіп, есірткіге қарсы креативті және сапалы ақпараттық науқандар ұйымдастыруы қажет. Тек осындай жүйелі және тиімді тәсілдер арқылы ғана қоғамды есірткі мәселесіне қарсы тұруға жұмылдыра аламыз.*

**Нұржан ЖАҚЫПОВ, «Наркостоп» жобасының үйлестірушісі:**

### АЗАМАТТЫҚ БОРЫШ

*Биылғы жылы жоба аясында 150-ден астам іс-шара өткізілді. Бұл іс-шаралар орта мектептерде, колледждер мен жоғары оқу орындарында ұйымдастырылып, 5000-нан астам студент пен оқушыны қамтыды. Сонымен қатар, ата-аналар мен мұғалімдерге арналған кездесулер өтті. Спорттық және мәдени іс-шаралар да көпшіліктің қызығушылығын арттырды. Қоғамдық көліктерде, LED-экрандарда және қаланың басқа да қоғамдық орындарында есірткіге қарсы әлеуметтік жарнама кеңінен таратылды. Жыл соңындағы осы бояу акциясы «Наркостоп» жобасының қорытынды іс-шарасы болды. Жалпы алғанда, биылғы жылы жобаның алдын алу жұмыстары 10 мыңнан астам адамды қамтыды. Соған қоса, есірткі мәселесімен бетпе-бет келген 3000-нан астам адамға тікелей көмек көрсетілді. Біздің жобада арнайы колл-орталық жұмыс істейді, ол арқылы тұрғындарға тегін заңгерлік және психологиялық көмек беріледі.*

*Айта кету керек, биыл үлкен зерттеу жұмыстары да жүргізілді. Жобамызға әлеуметтанушылар, психологтар, наркологтар және тәуелділікті емдеу мамандары қатысып, есірткіге тәуелділікті емдеу мен алдын алу тиімділігін заңнамалық тұрғыдан зерттеді. Бұл зерттеудің негізгі мақсаты – қазіргі заңдардың тиімділігін анықтау және оларды жетілдіру жолдарын ұсыну. Зерттеуге офлайн түрде 5000, ал онлайн форматта 1800 респондент қатысты. Олардың қатарында психикалық денсаулық орталықтары мен мемлекеттік және жеке реабилитациялық орталықтарда емделіп жатқан адамдар, сондай-ақ тәуелділіктен құтылып, ремиссияда жүрген азаматтар бар. Қазіргі уақытта фронт-кеңселер ата-аналармен жұмыс істеп, оларға тәуелділік ауруының табиғаты туралы түсіндіріп, наркологиялық көмек көрсетудің мемлекеттік және жеке тәсілдері туралы ақпарат береді. Сондай-ақ, наркологиялық тәуелділерге психологиялық қолдау көрсетіліп, емдеу мен постреабилитациялық кезеңдегі қолдау шаралары ұйымдастырылады.*

*Зерттеу барысында есірткі тұтынудың негізгі себептері, оның ішінде балалық шақтағы қолайсыз тәжірибелердің әсері сияқты маңызды мәселелерге ерекше назар аударылды. Бұл мәліметтер Алматы қаласының Жастар саясаты басқармасына ұсынылып, болашақта нақты шешімдер қабылдауға негіз болмақ. Жобамыз биыл үлкен нәтижелерге қол жеткізді. «Наркостоп» – тек алдын алу ғана емес, сонымен қатар қоғамның санасын өзгертуге бағытталған жоба. Келесі жылы да осы бағыттағы жұмыстар жалғасын табады деп сенеміз.*

ҚОНАҚЖАЙ ҚАЛА

# АЛМАТЫ АГЛОМЕРАЦИЯСЫ

## еліміздің туристік стратегиясындағы негізгі бағыттардың бірі

**2024 жыл Қазақстан туризмі үшін айтулы жыл болды. Алматы, Астана қалалары мен Ақмола облысы ішкі туризм бағыттары арасында көш бастап тұр. Бұл аймақтар туристерді ерекше табиғатымен, дамыған инфрақұрылымымен және алуан түрлі туристік мүмкіндіктерімен тартып келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша елімізде туризм саласын жаңғыртуға, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және жаһандық экономикаға кірігуге бағытталған жүйелі шаралар кешені жүзеге асырылуда. Мемлекеттік қолдаудың, инвестиция тарту мен халықаралық аренада ілгерілетудің арқасында еліміз экономикалық өсу мен мәдениетаралық өзара іс-қимылдың маңызды қозғаушы күшіне айналып отырған туризм саласындағы оң нәтижелер көрсетіп отыр.**






Еліміздің туризм саласы тұрақты түрде дамып келеді. 2024 жылдың 9 айында ішкі туристер саны 562 мыңға артып, 6 млн адамға жетті. Шет елден келетін туристер легі 11,5 млн адамды құрады, бұл 2023 жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткішпен салыстырғанда, екі есеге жуық көп. Оның ішінде шетелдік 969 мың турист орналастыру орындарына жайғасты. Бұл көрсеткіштер қабылданып жатқан шаралардың тиімділігі мен туристік бағыт ретінде Қазақстанға қызығушылықтың артып келе жатқанын айғақтайды.

Туризмге салынған инвестиция көлемі қарқынды өсіп келеді. 2024 жылдың 10 айында олардың көлемі 33,6%-ға артып, 668,1 млрд теңгені құраған. Елімізде туризм саласын мемлекеттік қолдау күшейтілді. Биыл мемлекеттік қолдауға мақұлданған өтінімдер көлемі 3 есеге артқан. 2024 жылдың соңына дейін жалпы құны 120,4 млрд теңгені құрайтын 119 инвестициялық жобаны аяқтау жоспарланып отыр, бұл 1319 жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді.

**АЛМАТЫ ТАУ КЛАСТЕРІ** биылғы қыс маусымында Қазақстанда демалуға арналған ТОП-5 санатына енгізілді. Мегаполисте таулы және қысқы спортты ұнататындарға белсенді демалыстың алуан түрі ұсынылады. 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында курорт 1,2 миллионнан астам қонақты қабылдап, орналастыру орындарының саны 518-ге жеткен. Алматы тау кластері инфрақұрылым мен қызмет көрсету деңгейін ұдайы жетілдіруде, отандық және шетелдік туристер үшін тартымдылық әлеуеті зор.

2025 жылы Алматыда таулы және қалалық инфрақұрылымды дамытуға 697,4 млн теңге бөлінеді. Бұл туралы 2025–2027 жылдарға арналған қала бюджеті қабылданған Алматы мәслихатының сессиясы барысында хабарланды. Жоспарда навигациялық объектілері бар 10 тау маршруттарын құру, жету қиын жерлерде күн панельдері бар 3 кемпинг-аймақтарды жайластыру, «Алма-Арасан» термалды көзін реконструкциялау, туристік объектілердің тактильді үлгілерін дайындау, ақпараттық орталықтарға, тотемдер мен терминалдарға қызмет көрсету бар. Бұл іс-шаралар Алматының бірегейлігін, оның мәдени және табиғи көрікті жерлерін, сондай-ақ туристік өнімдердің алуан түрлілігін көрсетеді.

2024 жылы Алматы қаласының туризм басқармасы 10 тау бағытын абаттандыру жұмыстарын аяқтады. Олар: «Тұйық су» альпі лагеріне ескі жол; Юннат көлі – Бутаковка – Орман асуы; Юннат соқпақтары; «Ақ-қайың» шипажайы – Кіші Алматы шатқалы; БАО – Погребецкий шыңы; МАУ. Тұйық су Альпі лагері – «Тұйық су» мұздығы; Бутаковка – Бұлақ (Бутаков шатқалында 2 шақырым соқпақ абаттандырылды, өзен арқылы өткел салынды, ерекше қажеттіліктері бар азаматтарға арналған орындықтар мен беседкалар орнатылды); Медеу демалыс жолы; Медеу. Қара күнгей жотасы. Бақылау палубасы («Слониха») ; Медеу. Қара күнгей жотасы. Серкебай айналымы.

Тау соқпақтарының бойында 367 ақпараттық белгі, 15 беседка, 66 орындық, 6 демалыс платформасы, 4 көпір орнатылған. Барлық элементтер ауа райының қолайсыздығына төзімді жоғары балқитын болатты қоса алғанда, беріктігі жоғары материалдардан жасалған. Вандализмге қарсы конструкциялар қолданылды, бұл инфрақұрылымның беріктігі мен сенімділігін, тіпті қарқынды жұмыс кезінде де қамтамасыз етеді.

Қауіпсіздікке ерекше назар аударылады: өзендер арқылы сенімді өткелдер салынды, сонымен қатар маршруттар әртүрлі фитнес деңгейлері бар адамдарға бейімделген. Жұмыстар қала тұрғындары мен қонақтары арасында осы бағыттардың жоғары танымалдылығын ескере отырып жүргізілді. Ыңғайлы және қауіпсіз маршруттар жаяу серуендеу тәжірибесін жақсартуға ғана емес, сонымен қатар аймақтың табиғи байлығын атап өтуге арналған.

Алматының таулы бағыттарын абаттандыруға жүйелі көзқарас туристер үшін жаңа тарту нүктелерін құруға ықпал етеді. Жарқын мысалдардың бірі – инфрақұрылымды жақсарту бойынша кешенді жұмыстар аясында 2023 жылы Малыш шыңында орнатылған орындық. Малыш шыңы туристер мен табиғат әуесқойлары арасында танымал, бірақ бұл бағытқа қызығушылықты арттыру үшін қосымша екпін қажет – қазір орындық маңызды элементке айналды, нысанды туристер үшін ерекше тартымдылыққа айналдырды.

Алматы қаласының туризм басқармасы туристер мен қала тұрғындарын қауіпсіздік шараларын сақтауға, ауа райы жағдайларын ескеруге, таулы серуендеуге мұқият дайындалуға, сондай-ақ табиғи ортадағы мінез-құлық мәдениетін ұстануға шақырады. Табиғат пен қалалық инфрақұрылымға ұқыпты қарау, тазалықты сақтау, қоқыстарды жинау және болашақ ұрпақ үшін айналадағы ландшафтардың ерекше сұлулығын сақтау қажет.

**Алматы қаласы бойынша** 9 айдың қорытындысына сәйкес, 2024 жылы туристердің жалпы саны 14%-ға (2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда) өсіп, 1,7 млн адамға жеткен. Шетелдік туристер саны 24%-ға өсіп, 507,5 мың адамға жетті. Ішкі туристер саны 1,2 млн адамды құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 1,1%-ға артық. Туристер легінің артуы негізгі капиталға инвестицияның ұлғаюымен қатар жүреді. 2024 жылдың 10 айында 29,3% өсіммен 86,6 млрд теңге инвестиция тартылды. Туризмнен түскен салық түсімдері 76,9 млрд теңгені құраған, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 2 есеге жоғары. Қаланың туризм саласында 83,1 мың адам жұмыспен қамтылған.

**Алматы өңірі бойынша** биылғы тоғыз айда туристер саны 384,1 мың адамды құраған, бұл 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 19%-ға көп (322,3 мың адам). Туристер арасында «Іле Алатауы», «Көлсай көлдері», «Шарын» өңірінің мемлекеттік ұлттық табиғи парктері пайдаланылады.

Биылғы 10 ай қорытындысы бойынша негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 24,4 млрд теңгені құраған.

Алматы агломерациясында еліміздің туристік стратегиясындағы негізгі бағыттардың біріне айналған бірегей тау кластері белсенді дамып келеді. Туристік саланы дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған бекітілген тұжырымдамасы шеңберінде Түрген көркем шатқалынан Қаскелең шатқалына дейін тау шаңғысы базаларын құру мен жаңғыртуды қамтитын кешенді жоспар әзірленіп жатыр. Аталған жоба таулы демалыс үшін заманауи және сұранысқа ие инфрақұрылымды қалыптастыруға, сондай-ақ Алматы өңірінің халықаралық деңгейдегі туризм орталығы ретіндегі мәртебесін нығайтуға қабілетті жаңа тартымды орындар ашуға бағытталған.

2024 жылы Алматыда жеке қаражат есебінен 25 туристік нысан ашылды, атап айтқанда, 15 қонақүй, 4 глэмпинг алаңы, 4 жатақхана және 2 қонақүй. Сондай-ақ, жеке инвестиция есебінен 2027 жылға дейін 339,5 млрд теңгеге қонақүй құрылысы бойынша 30 жобаны аяқтау және 125 млрд теңгеге 29 туристік нысан салу жоспарланып отыр.

**Жетісу өңірінде** туризм саласын дамыту 5 негізгі бағыт: Алакөл және Балқаш көлдері, «Алтын-Емел» және «Жоңғар Алатауы» ұлттық парктері, сондай-ақ Жоңғар Алатауы тау сілемі әлеуетіне негізделген. 2024 жылғы 9 айда туристік нысандарға 253 мыңнан астам адам келген, бұл 2023 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, 15%-ға артық. 10 айдағы негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі биыл 9,4 млрд теңгені құраған.

Еліміз мәдени бай мұрасын, табиғи әртүрлілікті және заманауи инфрақұрылымдық шешімдерді үйлестіре отырып, саяхат үшін ең тартымды бағыттардың бірі ретінде өзінің имиджін қалыптастыруды жалғастырып келеді.

**«АҚШАМ-АҚПАРАТ».**
**(Дереккөздер: Primeminister.kz, ҚР ТСМ баспасөз орталығы).**

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

***Нұртас КӘРІПБАЕВ,***
***Туризм индустриясы комитетінің төрағасы:***

### ІШКІ ТУРИСТЕР САНЫ АРТТЫ

***Ішкі туристер санының артуы қазақстандықтардың ел бойынша жиі саяхаттайтынын көрсетеді. Яғни өз елін танып-білуге деген қызығушылығының артқанын байқауға болады. Ішкі туризмді әр азамат үшін қолжетімді, тартымды және жайлы етуге жұмыстар жасалуда. Осы мақсатта инфрақұрылымды дамытып, жаңа бастамаларды қолдап келеміз. Туризм саласына салынған инвестицияның артуы бизнестің бұл бағытты дамытуға деген тұрақты қызығушылығын байқатады. Негізгі туристік өңірлерде заманауи инфрақұрылым құру арқылы Қазақстанның халықаралық туристік картадағы орнын нығайта аламыз.***

ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ

# ТӨРТ ЖЫЛДА БІР РЕТ

## 30–70 жас аралығындағы әйелдер қала емханаларында тегін скринингтен өте алады

**Денсаулығыңызды сақтаңыз, уақытында скринингтен өтіңіз! Алматы дәрігерлері осылай дейді. Алматы онкологиялық орталығында скринингтік бағдарлама аясында жатыр мойны обыры анықталған 40 жастағы науқасқа сәтті ота жасалды.**

Жатыр мойны обырының скринингіне шақырылған әйел өзінің тіркелген емханасына жүгінді. Тексеру кезінде жатыр мойнының жағындыларында патологиялық жасушалар анықталды. Уақытылы жүргізілген биопсия мен диагностиканың арқасында ауруды ерте кезеңде анықтауға болады.

Науқасқа күрделі хирургиялық операция жасалды, ол сәтті өтті. Отаны Алматы онкологиялық орталығының онкогинекологиялық бөлімшесінің меңгерушісі Райхан Болатбекова жүргізді.

Дәрігерлер одан әрі емдеу және қалпына келтіру бойынша түпкілікті ұсыныстар беру үшін гистологиялық зерттеу нәтижелерін күтуде.

Мамандар Алматының барлық әйелдеріне жатыр мойны обырына тұрақты скринингтен өтудің маңыздылығын еске салады. Скрининг төрт жылда бір рет 30–70 жас аралығындағы әйелдерге қалалық емханаларда тегін жүргізіледі.

Процедура қарапайым, ауырсыну немесе ыңғайсыздық тудырмайды, бірақ патологияларды уақытылы анықтауға және емдеуді ерте кезеңдерде бастауға мүмкіндік береді.

ШЕБЕРЛІК САБАҒЫ

# БАЛАЛАР СҮРІНБЕСІН

## Аяғында туабітті ақауы бар өрендерге ота жасалды

**№2 қалалық балалар клиникалық ауруханасының базасында травматология-ортопедия саласы бойынша шеберлік сабағы өтті.**

Иә, ресейлік жетекші хирургтар Максим Вавилов пен Тимур Торновтың қатысуымен медицина саласындағы маңызды оқиға – «Микрохирургияны қолдана отырып, жоғарғы және төменгі аяқтың туа біткен және жүре пайда болған ақауларын жедел емдеу» тақырыбында дәріс өтті.

Шеберлік сабағы «Үй» қоғамдық қоры мен оның серіктесі «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорының және №2 балалар ауруханасы басшылығының қолдауымен ұйымдастырылды.

Иә, аталған аурухананың травматолог-ортопедтері мен микрохирургтар командасы ресейлік әріптестерімен күрделі диагнозы, сирек патологиясы бар, қол-аяқтың туа біткен және жүре пайда болған ақаулары бар қазақстандық балаларға бірлескен бірегей операциялар жүргізді.

Жоғары мамандандырылған хирургиялық көмек 11 кішкентай науқасқа көрсетілді.



КӨБЕЙ, ҚАЗАҚ!

# ҰЗАҚ КҮТКЕН ТҰҢҒЫШЫМ

## Алматылық дәрігерлер салмағы 969 грамм болатын нәрестені адам қатарына қосты

**Алматыда 1 қарашада №2 қалалық перинаталдық орталықта салмағы небәрі 969 грамм болатын сәби дүниеге келген болатын. Бөбек бірден жансақтау бөліміне түсіп, 10 күн бойы өкпені жасанды желдету аппаратында жатты.**

Балалар реанимациясы бөлімінің дәрігері Айнұр Сүлейменова шала туған нәрестенің өмірі үшін күрестің қиындықтары туралы айтып берді.

*«Жағдайды тұрақтандырғаннан кейін және тәуелсіз тыныс алу пайда болған соң бала инвазивті емес аппаратқа ауыстырылды. Онда ол шамамен 14 күн болды. Жағдай жақсарғаннан кейін нәресте СИПАП аппаратынан алынып, биназальды канюляға ауыстырылды. Содан кейін ол ОПН бөліміне ауыстырылды, онда биназальды канюлямен болды»,* – деді ол.

Бүгінде нәресте біртіндеп салмақ қосуда, өздігінен тыныс алады және анасының жанында, жақсы еміп жатыр. Қазіргі уақытта оның салмағы 1350 грамм.

*«Мен көптен күткен баламды дүниеге әкелдім. Бұл менің – жетінші жүктілігім және бірінші балам. Босанғаннан кейін өзім де өте ауыр күйде болдым, балам да реанимацияда жатты. Бірақ дәрігерлердің күш-жігері мен кәсіби шеберлігінің арқасында біз қазір жақсымыз. Менің және баламның өмірін сақтап қалғаны үшін оларға зор алғысымды білдіремін»,* – деді қуаныштан көз жасын жасыра алмаған әйел.

СӘТТІ ОТА

# КҮРДЕЛІ ОПЕРАЦИЯ

## екі зейнеткер де аяққа тұрды

**Алматы онкологиялық орталығына 72 жастағы ер адам «өкпенің қатерлі ісігі» диагнозымен жедел түрде жатқызылған. Компьютерлік томография (КТ) оның өкпесінен өлшемі 10×10 см болатын үлкен ісікті көрсеткен.**

Орталықтың онкологы Рүстем Ирсалиевтің айтуынша, науқасқа радикалды ота жасалды, яғни торакотомиямен жоғарғы лобэктомия.

*«Үш сағатқа созылған ота сәтті өтті. Болашақта гистологиялық зерттеу нәтижелері негізінде біз химиотерапия жүргізуді жоспарлаймыз»,* – деді дәрігер.

Бұл жағдайдың күрделілігі сол, ісік жұмсақ тінге өскен. Ал бұл өз кезегінде отаны айтарлықтай қиындатады.

*«Біз әрбір элементті науқастың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін барынша сақтықпен бөлдік. Бұл процесс едәуір уақытты қажет етті. Кеуде хирургиясындағы мұндай араласулар техникалық жағынан ең күрделі болып саналады»,* – деп атап өтті Р.Ирсалиев.

Онкохирургтар тобының жақсы үйлестірілген жұмысының нәтижесінде және емдеудің барлық қажетті стандарттары сақталғандықтан науқастың жағдайы жақсарып, одан әрі терапияға мүмкіндік алды.

Алматының №7 қалалық клиникалық ауруханасының дәрігерлері де өте күрделі диагнозы бар 65 жастағы пациентті аман алып қалды. Жалпы, жетінші аурухананың нейрохирургтары өте күрделі ота жасаудың озық тәжірибесін жинағаны көпшілікке белгілі. Ол үшін клиникада барлық жағдай жасалған, барлық қажетті заманауи жабдықтармен жасақталған.

Бірақ бұл жолы анестезиологиялық сүйемелдеуді жүргізген анестезиолог дәрігерлердің жоғары кәсіби біліктілігі мен ерен еңбектерін айрықша атап өткен жөн. Өйткені, үйлесімді командалық жұмыстың, нейрохирургтар мен анестезиологтардың үздіксіз өзара іс-қимылының арқасында аса күрделі ота сәтті жасалды.

Бұл отаның өзге оталардан күрделілігі неде? Пациент карт адам, диагнозы – «мидағы көлемі аса үлкен ісік». Бұл, әрине, өте мұқият болуды, біліктілігі талап ететін ауқымды жұмыс. Кейіннен гистологиялық зерттеу ісіктің қатерлі екенін растады. Алайда, бұл оның жалғыз сырқаты емес еді. Пациенттің біршатар қосалқы ауруларының болуы жағдайды қиындатқан. Пациенттің өкпесінде тыныс алу функциясының жеткіліксіздігіне әкеп соқтырған метастаза бар; тек бір бүйрегі ғана жұмыс істейді; сондай-ақ, жүрек қызметінің жеткіліксіздігі бар. Бір жыл бұрын ол жүректің тәждік артериясын шунттау отасын жасатқан және жасанды ырғақ стимуляторы орнатылған.

Дәрігерлер оның өмірлік көрсеткіштеріне сәйкес отаға алуға шешім қабылдады. Науқастың ауыр жағдайына және асқыну қаупінің жоғары болуына қарамастан, дәрігерлер бұл оның өмірін құтқарудың жалғыз мүмкіндігі екенін түсінді.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Болат МЫРЗАХМЕТОВ, №7 қалалық клиникалық аурухананың анестезиолог-дәрігері:**

### ДҰРЫС ШЕШІМ СӘТТІ НӘТИЖЕ КӨРСЕТТІ

***Ең басты қиындық лайықты анестезиологиялық құрал таңдау болды. Пациенттің әрбір қосалқы ауруларының болуы ерекше сақтықты талап етеді. Анестезиологтар тобы науқастың салмағын, жасы мен жалпы жағдайын ескере отырып, препараттардың мөлшерін мұқият есептеп алды. Әрбір препарат жүрекке, бүйрекке және тыныс алу жүйесіне түсетін жүктемені азайту үшін мұқият таңдалды. Ота барысында гемотрансфузия – қан құю қажет болды, ал қысымды қалыпты деңгейде ұстап тұру ол өзінше бір міндет болды. Біз қабылдаған шешім оң болды және біз пациентке өмір сүруге екінші мүмкіндік бергенімізді мақтан етеміз. Операция бірнеше сағатқа созылды. Нейрохирургтар асқынуларды болдырмай, қатерлі ісікті сәтті алып тастады. Анестезиолог мамандардың кәсіби біліктілігінің арқасында науқас наркоздан ауырлықсыз шықты. Зейнеткер отаны тек жақсы көтеріп қана қоймай, көп ұзамай өз аяғымен үйіне шықты.***

**Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШЕВА.**

Almaty AQSHAMY
№104-105 (6556) 10 желтоқсан, 2024 жыл
www.aqshamnews.kz


МӘСЕЛЕ

**Алматы қаласындағы жасөспірімдер арасындағы ерте жыныстық қатынас, жасанды түсік, ерте жүктілік мәселелері өзекті күйінде қалып отыр. Мақалада осы келеңсіздіктердің алдын алу жолдары, отбасындағы тәрбиенің рөлі мен қоғамдық сауаттылықты арттыру қажеттілігі туралы сөз қозғалады. Сонымен қатар, қаланың білім беру мекемелеріндегі «Саламатты мектеп» бастамасы аясында атқарылып жатқан жұмыстар мен медициналық мамандардың ұсынымдары баяндалған. Бұл өзекті тақырып жастардың болашағын қорғауға бағытталған шараларды күшейтуді талап етеді.**



# АҚ НЕКЕНІ АТТАМАУ

## немесе ар-намыстың бір өлшемі – пәктік десек, оның артында ұрпақ тәрбиесі деген ұлы аманат тұр

**Нұржамал ӘЛІШЕВА**

### АҚ КӨЙЛЕК

Қазіргі күні ең алдыңғы қатарлы озық деген мемлекеттердің өзінде де демография, тастанды балалар, ар тазалығы мен түсік жасату, нашақорлық, шылымқорлық тақырыптары жаһандық түйінді мәселеге айналып отыр. Бұл проблемалардың біздің қазақ қоғамына да салқынын тигізіп отырған жайы бар. Иә, ердің алдынан кесіп өтпеген, шолпысының сылдырын да естіртпеуге тырысқан, сөзі – сынық, ісі – түзік кешегі қазақ қыздарының бүгінгі сіңлілері сананы сеңдей соққан бүгінгі ақпараттану заманында ар тазалығына жеңіл қарайтын жағдайға жетті...

Тіпті, бүгінгі күні үйлену тойларындағы ақ көйлектің сыртынан іші бұлтиып шығып тұрған қалыңдықтарға да көз үйренгелі қашан! Ал «Малым – арымның садағасы, арым – жанымның садағасы», – деп санаған қазақ халқы үшін ар-намыс қашан да жоғары тұрған. Ар-намыстың бір бөлігі – пәктік. Иә, біз бұл жерде қыз пәктігі мен тазалығы туралы айтып отырмыз. Мәпелеп өсірген қызы теңін тауып, тұрмыс құрғанға дейін ата-анасы әрдайым: «Ертеңгі баратын ақ босағаңды адал атта, қарағым, сонда абыройлы боласың», – деп ақылын айтудан жалықпаған.

Дәрігерлер де ерте жастан жыныстық қатынасқа түсудің зиянды екенін айтудай-ақ айтып жүр, тыңдар құлақ болса егер.

Біріншіден, тым ерте жастан бала көтеру қыз баланың денсаулығына аса қауіпті. Оның дене мүшелері 18 жасқа дейін қалыптасады. Ағза толық жетілмегендіктен жүктілік кезеңі де, босануы да ауыр өтеді. Ерте жүкті болған жасөспірімдерде аяқтың күп болып ісуі, қан қысымы сияқты аурулар жиі кездеседі. Ал жатырдағы шарананы алдырту секілді ауыр операциядан кейін қыздың халін көз алдыңызға елестетіп көріңізші. Әрі бірінші түсік жасатқаннан кейін екінші баланы көтеруге мүмкіндік аз.

Екіншіден, ерте жүктілік әлі де үлкен өмірге қалыптаспаған қыз баланы психологиялық дағдарысқа ұшырататынын ғылым әлдеқашан дәлелдеп қойған. Ал әке-шешем не дейді, елдің бетіне қалай қараймын деп дәрменсіз күйге түскен қыздың жағдайы айтпаса да түсінікті.

Үшіншіден, аяғы ауырлаған қыз еркіндіктен айырылып, сырт көзден ішін жасырып (көбісі белдікпен тартып тастайды) ұстағандықтан, шарана толық жетілмей, әлжуаз, кемтар болып тууы мүмкін.

### ОН БЕСТІҢ ЖЫРЫ

Жас қыздарымызды осындай келеңсіздіктерден сақтандыру үшін Алматы мектептеріне гинеколог-дәрігерлер бекітіліп қойылған. Олар жыныстық аурулардың алдын алу, жүктіліктен сақтану тақырыптарында лекциялар оқып отырады. Өкінішке қарай, ерте жасында жыныстық қатынасқа түсетін жасөспірімдер аз емес.

Жастар арасында әлеуметтік сауалнама жүргізілгенде, жас респонденттердің 41,0%-ы жыныстық қатынасқа 15 жасында түскенін айтқан. Бұл туралы жуырда Алматы қаласындағы №34 гимназияда республикалық «Саламатты мектеп» жобасы шеңберінде өткен семинарда Денсаулық сақтау министрлігіне қарасты Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының балалар мен жастардың денсаулығын нығайту бөлімінің бас маманы Жансая Хамит айтты. Семинар Денсаулық сақтау министрлігі мен Оқу-ағарту министрлігінің бірлескен Қазақстан Республикасында мектеп жасындағы балалардың денсаулығын нығайту жөніндегі 2024–2026 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары шеңберінде ұйымдастырылған болатын. Онда спикер «Саламатты мектеп» бастамасын іске асырудың ұлттық моделі, никотин мен темекіге қатысты мектеп саясатын таныстырды.

### ЖАЛҒАН «ҰЯТ»

Иә, мегаполис мұғалімдері, мектептердің медбикелері қатысқан семинарда балалар арасындағы электронды шылымға әуестік, жасөспірімдердің ерте жыныстық қатынасқа түсетін жағдайлары да кеңінен қозғалды. Елордадан келген спикер кей өңірлерде жыныстық қатынас туралы дәрістерді кейбір ата-аналардың әлі де ұят санайтынын айтып қалды. Бұл да бір мәселе!

Жоғарыда айтылған статистика жыныстық қатынас пен жасөспірімнің ерте жүктілігі, жасанды түсік және оның зияны туралы мектептен бастап үйретуді талап етеді. Біз жастардың болашағына зиян келтіретін, атап айтқанда, білім алуы, адам болып қалыптасуы мен денсаулығына кері әсер ететін факторлардың алдын алуымыз қажет.

Бізде қазір дінге бет бұрып, ерте жастан некесін қиып жатқандар да аз емес. Сондай-ақ, жүкті болған жасөспірім білім ала алмай, кейін жұмыссыз да қалып жатады. Сондықтан әрбір ата-ана қызының денсаулығы мен оның болашағына жауапты болуы керек. Тағы бір мәселе, біздің менталитет көп жағдайда үйде отырып жүкті болған қызды сынға алып, шеттетеді. Сондықтан көп жасөспірім не айтпай жасанды түсік жасатады, не үйден кетіп қалып, туыстарынан жырақта босанып, оны тастап кетіп жатады. Егер қыздарын осындай сергелдеңге салғысы келмесе, кез келген ата-ана қызымен ашық сөйлесуді ұят санамай, өз баласының осы саладағы сауатын арттырғаны абзал.

### ШАРАНА ДА АБОРТТЫ СЕЗЕДІ...

Түсік жасау кезінде жатырда жатқан бала да ауырсынуды сезетіндігін медицина әлдеқашан дәлелдеп қойған көрінеді. Жеті апталық (45–50 күндік) шарана іште жатып-ақ басы немесе бетінің бір жерін ауыртқан нәрседен қашады немесе қашуға әрекеттенетін болып шықты. Ал 11 аптада тек бетжүзі емес, қол-аяқтары да ауыруды сезе бастайды. Он үш аптада бүкіл денесі ауырсынудың не екенін сезеді дейді мамандар.

Американдық Бернард Натансон деген дәрігер ішке біткеніне 12 апта болған балаға жасалған түсікті УЗИ арқылы кинофильм етіп түсіреді. Түсік кезінде әлі жарық дүниеге де келмеген бала пышақтан қашып құтылуға әрекеттеніп, жүрек соғысы екі есеге дейін жиілеп, ауға түскен балықтай бұлқынғанмен, сорғыш-пышақ шарананың денесін шап беріп ұстап алып бөлшектей бастайды. Сол кезде оның ауызы жанұшыра қатты шыңғырған адамдікіндей үңірейіп ашылып қалған. Оның дауысын, әрине, ешкім де, анасы да, дәрігер де естімейді... Бұл фильм әлем бойынша «Үнсіз шырқырау» деген атқа ие болған. Осы кезге дейін түсік жасаумен айналысқан, фильмді түсірген әлгі дәрігер жағасын ұстай отырып тәубесіне келіп, түсікке қарсы күресушілердің қатарына қосылған көрінеді.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

### ЖІГІТТІҢ ҰСТАМДЫЛЫҒЫНА ДА СЫН

**ДАРИЯ, пойызда жолыққан жас ана:**

– Жігітімнің қолқалауымен бірге тұра бастадық. Екі жарым жылдан соң аяғым ауырлады. Жігітім: «Әзірге басымызда баспанамыз да жоқ, алдыртып таста», – деді. Көнбедім. Тым болмаса арамызды осы шарана жалғар, үйленуге ұсыныс айтар деп үміттендім. Ішімдегі балаға сегіз ай болғанда жігітім ұшты-күйлі жоғалып кетті. Анамның қолдауымен Әйгерімді өмірге аман-есен әкелдім. Шешем ауылға алып кетіп бақты. Ай сайын барып тұрдым. Сол кезде жігітімнің сөзіне еріп аборт жасатпағаныма әлі күнге қуанамын. Өзім істегенімді өз мойныммен көтеруге бел байладым. Қылығы да, тілі де сондай тәтті қызым болашақта менің қателігімді қайталамасыншы деп күндіз-түні тілеймін. Ол үшін барлық аналық мейірімді де, тәрбиемді де, өмірлік тәжірибемді де арнаймын деп ойлаймын.

**Ақмаржан СӘБИТОВА, жас ұстаз:**

– Кей жастардың асығыс қадамы, ойсыз әрекеті өзіне, ата-анасына ғана емес, күллі қазақ еліне түскен таңба. «Қыздарымыз ар-абыройын неге сақтай алмайды?» деген сауалға келсек, бұл отбасындағы тәрбиенің жетімсіздігінен. Қыздың болашағын анасы ғана ойлау керек деген дұрыс ұғым емес, әкесі де қызының әрбір қадамын қадағалап, қасынан табылып, әрдайым дұрыс бағыт бере білуі тиіс. Қыздар арасындағы төбелес, шылым шегу, арақ ішу, ерте жастан босану сияқты ерсі қылықтар жыл сайын көбеймесе, азаймай тұр. Кейбір ер-азаматтар да жауапкершіліктен бас тартып, бар қиыншылықты, жаман атты қыздар арқалап кете барады. Бұл жігіттердің әлсіздігі ме, әлде ұсақталуы ма?..

**СЫРЫМ, «Тұран» студенті:**

– Болашақта әйелдікке алатын қызымның пәк болуы мен үшін маңызды! Қазір, шыны керек, қарап тұрған жігітке қыздың өзі артылатын заман болды. Пәктігін әлдеқашан әлдебір қараңғы бұрышта жоғалтып алған қыздар беп-белгілі. Ондайлардан неге тартынып қалуым керек, бойымда арнасынан асып-тасып тұрған күш-қуатым тұрғанда. «Ох, мына жігіттің астында көлігі бар екен, үйі де бар, мықтап ұстап алайын» деп ойлайтын жеңіл ойлы қыздар ертеңгі күні үлгілі отанасы бола ала ма?! Керісінше, өзін салмақты ұстайтын, анау-мынауға әуестігі жоқ, ашық-шашық киінбейтін қыздарға «тиіспеймін». Ал шынтуайтында, тәрбиелі жерден шыққан, жігіттің «өлдім-өштім, күйем-сүйемін» дегенін сабырмен қабылдай алатын, сезімін ақылға жеңдіре білетін ару айлакермін деген жігіттің де қармағына түспейді деп ойлаймын.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



**Әйгерім ҚАСЫМБЕКОВА, Алматы қаласы №18 емхананың акушер-гинекологы:**

### ЖАС ҚЫЗ ҮШІН ЖАСАНДЫ ТҮСІКТІҢ ЗАРДАБЫ АУЫР

***Жүктілікті жасанды түрде үзу бұрын босанған, сонымен қатар, босанбаған әйелдер үшін де бірдей қауіпті. Дегенмен, бірінші жүктілікті үзген жағдайда салдары аса қиын болмақ. Жас қыз балаларды бұл жағдай бедеулікке әкелуі мүмкін. Статистика бойынша, түсік жасатқан 100 қыздың 25-і ешқашан ана бола алмайды. Сондықтан алғашқы жүктілік босанумен аяқталғаны дұрыс.***

***Адамның ағзасында жүктілікті, әсіресе, хирургиялық әдіспен үзу өте зиян. Ондай әдіс ісіп қызару процесіне апарып, эндометрияға, сондай-ақ, эндометритке зиян келтіреді және етеккір циклының бүлінуіне әкеледі. Егер жүктілікті амалсыздан үзу керек болса, онда ол процесті гинеколог дәрі-дәрмекпен жүргізу тәсілін ұсынады. Мәселен, салыстыра кетсек, хирургиялық араласудан кейінгі асқынулар 20%, ал дәрі-дәрмек тәсілінен кейінгі асқыну тек 6%-ды құрайды.***

***Бүгінгі жаһандану дәуірінде, медицинаның жетілген уағында, қауіпсіз және тиімді контрацептивтік әдістердің түр-түрі бар. Бұл кез келген жұптың қалаусыз жүктіліктен сақтану тәсілін таңдау мүмкіндігін береді. Дегенмен, контрацепция тәсілін жұп гинеколог-дәрігердің кеңесімен таңдаған абзал. Аборт жасатқанша, жүкті болудан сақтанып, бала сүюді де жоспарлаған дұрыс.***

## ТҮЙІНСӨЗ:

**Иісі қазаққа әйгілі «Қыз Жібек» фильміндегі мына бір эпизодтың еске оралып отырғаны. Әлі некесі қиыла қоймаған Төлеген мен Жібектің ортасына жеңгелері белдік қояды. Төлегендей жігіттің төзімділігіне сын, Жібектей арудың аппақ арына қорған болған сол белдік арқылы халқымыздың ақ некені аттамауды талап еткен тәрбиесін айтпай-ақ тануға болады емес пе. Ал ұл-қызымызды сақтандыруды «ұят» деп жүргенімізде, тәрбиеміздің шегесін босатып алсақ ше? Мұсылман баласы пәктікке қатты назар аударатыны белгілі. Өйткені, оның артында ұрпақ тәрбиесі деген ұлы аманат тұр.**

ШЕШІМ

## Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 29 қарашадағы №168 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау Банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2024 жылғы 6 желтоқсанда №203655 болып тіркелді.

**ШЕШІМ**

**2024 жылғы 29 қараша** **№168**

# Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына коммуналдық қызметтерге тарифтердің көтерілуіне байланысты әлеуметтік көмек көрсету және өтемақы төлеу мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-3 тармағына сәйкес Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қоса беріліп отырған Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына коммуналдық қызметтерге тарифтердің көтерілуіне байланысты әлеуметтік көмек көрсету және өтемақы төлеу мөлшерін белгілеу қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешім 2024 жылдың 1 шілдесінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2025 жылдың 31 наурызына дейін қолданылады.

**Алматы қаласы мәслихатының төрағасы** **М.ОТЫНШИЕВ**

*Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 29 қарашадағы №168 шешіміне қосымша*

# Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына коммуналдық қызметтерге тарифтердің көтерілуіне байланысты әлеуметтік көмек көрсету және өтемақы төлеу мөлшерін белгілеу қағидалары

1. Осы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына коммуналдық қызметтерге тарифтердің көтерілуіне байланысты әлеуметтік көмек көрсету және өтемақы төлеу мөлшерін белгілеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы №523 қаулысына сәйкес әзірленді және әлеуметтік көмек көрсету тәртібін айқындайды.

### 1. Жалпы ережелер

2. Осы Қағидаларда келесі ұғымдар пайдаланылады:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» (бұдан әрі – мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру жөніндегі жұмысты «бір терезе» қағидаты бойынша ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

2) уәкілетті орган – әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асыратын Алматы қаласы аудандары әкімдерінің аппараттары;

3. Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына Коммуналдық қызметтерге тарифтердің көтерілуіне өтемақы төлеуге әлеуметтік көмек (бұдан әрі – әлеуметтік көмек) ақшалай нысанда көрсетіледі және Алматы қаласында тұрақты тұратын және тіркелген азаматтарға ұсынылады.

4. Әлеуметтік көмек 2024 жылғы 1 шілдеден бастап ай сайын қаржы жылына көрсетіледі.

Төлем ай сайын әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылданған айдан кейінгі айдың 10-күніне қарай жүзеге асырылады.

5. Әлеуметтік көмек алушылар ұсынылған мәліметтердің дұрыстығына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

### 2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі

6. Әлеуметтік көмек мұқтаж азаматтардың мынадай жекелеген санаттарына көрсетіледі:

1) Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне;
2) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне;
3) жеңілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге;
4) бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға;
5) мүгедектігі бар баласы (балалары) бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасыларға;
6) «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған көпбалалы аналарға, көпбалалы отбасыларға;
7) мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді, әскери қызметті атқару кезінде, ғарыш кеңістігіне ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру кезінде, адам өмірін құтқару кезінде, құқықтық тәртіпті қорғау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасыларына;
8) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 207-бабының
1-тармағына сәйкес жасы бойынша зейнеткерлерге;
9) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, мемлекеттің толық қамтамасыз етуіндегілерді қоспағанда.

7. Әлеуметтік көмек осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген адамдарға республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленетін 0,8 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде кірісті есепке алмай көрсетіледі.

8. Осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген бірнеше санатқа жататын әрбір адамға әлеуметтік көмек тек бір негіз бойынша аударылады.

9. Әлеуметтік көмек осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген,

2024 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша әлеуметтік көмек алушылар болып табылған адамдарға уәкілетті органға жүгінбей тағайындалады.

Өтініш берушілерге 2024 жылғы 1 шілдеден кейін әлеуметтік көмек тағайындалады және өтініш берілген айдан бастап төленеді.

### 3. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

10. Әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінен немесе отбасы атынан тұрғылықты жерін тіркеу орны бойынша уәкілетті органға немесе «Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі – Басқарма) жеке басын куәландыратын құжатты (жеке басын сәйкестендіру үшін) қоса бере отырып өтініш береді.

Әлеуметтік көмек алуға өтініш осы Қағидалардың қосымшасына сәйкес нысанда беріледі.

Өтініш Басқармаға берілген жағдайда, бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің тіркелген жері бойынша уәкілетті органға қарау үшін беріледі.

Басқармаға жүгінген кезде қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

11. Уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш берушінің құжаттары тіркелген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде өтініш негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

12. Уәкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда – негіздемесін көрсете отырып) өтініш берушіні жазбаша хабардар етеді.

13. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталуы;
2) тұрғын үй көмегін алуы;
3) осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген санаттарға кірмейтін адамға.

14. Әлеуметтік көмек алушылар өздерінің тұрақты тұрғылықты жерін тіркеу орны бойынша уәкілетті органға оны алу құқығына әсер ететін мән-жайлардың өзгергені туралы он жұмыс күні ішінде хабарлайды.

15. Алушы қайтыс болған жағдайда әлеуметтік көмек төлеу азаматтық хал актілерін тіркеу органдарынан (АХАТ) алынған алушының қайтыс болғаны туралы мәліметтер және (немесе) тізімдер негізінде тоқтатылады.

16. Әлеуметтік көмекті қаржыландыру ағымдағы қаржы жылына көзделген Алматы қаласы бюджетінің мүмкіндігін ескере отырып, әлеуметтік көмек алушылардың осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген әрбір жеке санаты бойынша жүзеге асырылады.

### 4. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздер

17. Әлеуметтік көмек мынадай жағдайларда тоқтатылады:

1) алушы қайтыс болған;
2) алушы тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің шегінен тыс тұрақты тұруға кеткен;
3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;
4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;
5) тұрғын үй көмегін тағайындаған.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдаяттар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

18. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіппен қайтаруға жатады.

Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына коммуналдық қызметтерге тарифтердің көтерілуіне байланысты әлеуметтік көмек көрсету және өтемақы төлеу мөлшерін белгілеу Қағидаларына қосымша

Нысан
Уәкілетті органның басшысына
_______________________________________
(қала, аудан)

Өтініш

Тегі:_____________________________________________
Аты: _____________________________________________
Әкесінің аты (бар болса)___________________________
Туған күні «____» _____________ _____ жыл
ЖСН _____________________________________________
Мәртебесі: ________________________________________
Сізден санат бойынша коммуналдық қызметтерге тарифтердің көтерілуіне байланысты әлеуметтік көмек көрсетуіңізді сұраймын________________________________
Үйінің мекенжайы: _________________________________
Телефон: _________________________________________
Банк деректемелері:
Банктің атауы _____________________________________
Банк шотының № ___________________________________
Шот түрі: _________________________________________

«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төлемді тағайындаған (қайта есептеген) кезде, сондай-ақ әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз міндеттемелерін орындаған кезде қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге, ақпараттық жүйелерде бар, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді сақтауға және пайдалануға келісім беремін. Банк шотының иесі ретінде өзім туралы, екінші деңгейдегі банктердегі, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банк операцияларының тиісті түрлеріне лицензиясы бар ұйымдардағы, «Қазпошта» акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелеріндегі банк шотының нөмірі туралы мәліметтерді алуға келісім беремін. Тұрғылықты жерімнің (оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кету), анкеталық деректердің, банктік деректемелердің өзгеруі туралы әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті органға 10 (он) жұмыс күні ішінде хабарлауға міндеттенемін. Жергілікті бюджеттен төленетін әлеуметтік көмекті есептеу үшін жеке банк шотын ашу мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осындай шоттағы ақшаны үшінші тұлғалардың өндіріп алуға жүгінуіне жол берілмейтіні туралы хабардармын.

20____ жылғы «____» ___________
______________________________________________________
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), өтініш берушінің (заңды өкілінің) қолы
Құжаттарды қабылдаған:
______________________________________________________
(өтінішті қабылдаған тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы және қолы)
20____ жылғы «____» ___________

## Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 29 қарашадағы №169 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау Банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2024 жылғы 6 желтоқсанда №203651 болып тіркелді.

**ШЕШІМ**

**2024 жылғы 29 қараша** **№169**

# «Алматы қаласында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы»Алматы қаласы мәслихатының 2023 жылғы 8 желтоқсандағы №73 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. «Алматы қаласында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» Алматы қаласы мәслихатының

2023 жылғы 8 желтоқсандағы №73 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1750 болып тіркелген) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Алматы қаласында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

3-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда мазмұндалсын:

«1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» (бұдан әрі – мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру жөніндегі жұмысты «бір терезе» қағидаты бойынша ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;»;

8-бөлімнің 24-тармағы алынып тасталынсын.

25, 26, 27 және 28 тармақтары мынадай редакцияда мазмұндалсын:

«25. Мереке күндері мен атаулы күндерге орай әлеуметтік көмек алушылардың өтініштері талап етілмей көрсетіледі.

26. Осы Қағиданың 13-тармағында көрсетілген әлеуметтік көмек алушылардың тізімдерін қалыптастыру тәртібі «Отбасы банк» акционерлік қоғамы мен Алматы қаласының әкімдігі арасындағы келісіммен айқындалады.

27. Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына берілетін әлеуметтік көмекті алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш береді, оған мынадай құжаттарды қоса береді:

1) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін);

2) тұлғаның (отбасы мүшелерінің) табысы туралы мәліметтер (тұлғаның (отбасы мүшелерінің) табысына қарамай тағайындалатын әлеуметтік көмекті алу үшін тұлғаның (отбасы мүшелерінің) табысы туралы мәліметтер ұсынылмайды);

3) мұқтаждар санатына жатқызу негіздерінің болу фактісін растайтын төменде көрсетілген құжаттардың бірі:

дүлей апаттың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келу фактісін растайтын құжат;

әлеуметтік маңызы бар аурудың болу фактісін растайтын құжат;

жергілікті өкілді органдар ең төмен күнкөріс деңгейіне еселік қатынаста белгілейтін шектен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстың болу фактісін растайтын құжат;

жасының егде тартуына байланысты өзіне-өзі күтім жасай алмау фактісін растайтын құжат;

4) осы Қағиданың 24-тармағының 16) тармақшасында көрсетілген тұлғалар транскрипті «өте жақсы» деген бағаға сәйкес бағалар баламасын ұсынады.

Салыстырып тексеру үшін құжаттардың төлнұсқалары және көшірмелері ұсынылады. Салыстырып тексерілгеннен кейін құжаттардың төлнұсқасы өтініш берушіге қайтарылады.

28. Осы Қағиданың 8-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген негіз бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түскен кезде әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган 1 (бір) жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін учаскелік комиссияға жібереді.».

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Алматы қаласы мәслихатының төрағасы** **М.ОТЫНШИЕВ**

## Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 29 қарашадағы №172 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау Банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2024 жылғы 6 желтоқсанда №203705 болып тіркелді.

**ШЕШІМ**

**2024 жылғы 29 қараша** **№172**

# Алматы қаласы мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Алматы қаласы мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Алматы қаласы мәслихатының төрағасы** **М.ОТЫНШИЕВ**

**Алматы қаласы мәслихатының
2024 жылғы 29 қарашадағы
№172 шешіміне қосымша**

# Алматы қаласы мәслихатының күші жойылды деп танылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. «Медеу» Мемлекеттік өңірлік табиғи паркінің ерекше қорғалатын табиғи аумағын пайдалану үшін төлемақы ставкаларын белгілеу туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2012 жылғы 12 желтоқсандағы №78 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №961 болып тіркелген);

2. «V сайланған Алматы қаласы мәслихаты XI сессиясының 2012 жылғы 12 желтоқсандағы №78 «2013 жылға арналған «Медеу» Мемлекеттік өңірлік табиғи паркінің ерекше қорғалатын табиғи аумағын пайдалану үшін төлемақы ставкаларын белгілеу туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы»

Алматы қаласы мәслихатының 2014 жылғы 24 сәуірдегі №219 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1042 болып тіркелген);

3. «V сайланған Алматы қаласы мәслихатының XI сессиясының «Медеу» Мемлекеттік өңірлік табиғи паркінің ерекше қорғалатын табиғи аумағын пайдалану үшін төлемақы ставкаларын белгілеу туралы» 2012 жылғы 12 желтоқсандағы №78 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2018 жылғы 21 қарашадағы №289 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1517 болып тіркелген).

## Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 29 қарашадағы №173 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау Банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2024 жылғы 6 желтоқсанда №203530 болып тіркелді.

**ШЕШІМ**

**2024 жылғы 29 қараша** **№173**

# Алматы қаласы мәслихатының 2023 жылғы 8 желтоқсандағы №75 «Алматы қаласының 2024–2026 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Алматы қаласы мәслихатының 2023 жылғы 8 желтоқсандағы №75 «Алматы қаласының 2024–2026 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Мемлекеттік тізілімінде №190255 болып тіркелген), келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«1. Алматы қаласының 2024–2026 жылдарға арналған бюджеті осы шешімнің 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2024 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 1 513 894 875,8 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер – 1 383 083 916,9 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 18 364 447,9 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 8 961 184 мың теңге;
трансферттер түсімдері – 103 485 327 мың теңге;
2) шығындар – 1 673 066 256,9 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 21 518 751 мың теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 21 342 274 мың теңге, оның ішінде:
қаржы активтерін сатып алу – 22 062 274 мың теңге;
5) бюджет тапшылығы (профициті) – -202 032 406,1 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профициті пайдалану) –
202 032 406,1 мың теңге»;

6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«6. Қала бюджетінде жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтерді қаржыландыру 20 088 997,0 мың теңге сомасында бекітілсін»;
7-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«7. Қорғаныс шығындары 14 240 092 мың теңге сомасында бекітілсін»;
8-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«8. Қоғамдық тәртіпті, қауіпсіздікті, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметті қамтамасыз ету бойынша шығындар 47 916 874 мың теңге сомасында бекітілсін»;
9-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«9. Білім беру шығындары 479 341 584 мың теңге сомасында бекітілсін»;
10-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«10. Денсаулық сақтау шығындары 45 916 827 мың теңге сомасында бекітілсін»;
11-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«11. Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету шығындары 66 513 504 мың теңге сомасында бекітілсін»;
12-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«12. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық шығындары 323 778 261,8 мың теңге сомасында бекітілсін»;
13-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«13. Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік шығындары 73 570 947 мың теңге сомасында бекітілсін»;
14-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«14. Отын-энергетика кешеніне және жер қойнауын пайдалану шығындары 17 352 452 мың теңге сомасында бекітілсін»;
15-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«15. Ауыл шаруашылығы, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың, қоршаған орта мен жануарлар әлемін қорғау, жер қатынастары шығындары 14 121 339 мың теңге сомасында бекітілсін»;
16-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«16. Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметтеріне шығындар 8 188 654 мың теңге сомасында бекітілсін»;
17-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«17. Көлік және коммуникация шығындары 264 451 434 мың теңге сомасында бекітілсін»;
18-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«18. Басқа да шығындар 112 020 150 мың теңге сомасында бекітілсін»;
көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Алматы қаласы
мәслихатының төрағасы** **М.ОТЫНШИЕВ**

Алматы қаласы мәслихатының
2024 жылғы 29 қарашадағы
№173 шешіміне қосымша

Алматы қаласы мәслихатының
2023 жылғы 8 желтоқсандағы №75 шешіміне 1-қосымша

**Алматы қаласының 2024 жылға арналған бюджеті**

| Санаты | Сыныбы | Ішкі сыныбы | Специфика | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | | | 2 | 3 |
| | | | | I. Кірістер | 1 513 894 875,8 |
| 1 | | | | Салықтық түсімдер | 1 383 083 916,9 |
| | 01 | | | Табыс салығы | 978 100 902,9 |
| | | 1 | | Корпоративтік табыс салығы | 480 143 101,9 |
| | | 2 | | Жеке табыс салығы | 497 957 801,0 |
| | 03 | | | Әлеуметтік салық | 276 503 545,0 |
| | | 1 | | Әлеуметтік салық | 276 503 545,0 |
| | 04 | | | Меншікке салынатын салықтар | 59 415 325,0 |
| | | 1 | | Мүлікке салынатын салықтар | 37 454 459,0 |
| | | 3 | | Жер салығы | 3 491 000,0 |
| | | 4 | | Көлік құралдарына салынатын салық | 18 469 866,0 |
| | 05 | | | Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар | 40 816 144,0 |
| | | 2 | | Акциздер | 20 624 079,0 |
| | | 3 | | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер | 5 863 118,0 |
| | | 4 | | Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар | 14 328 947,0 |
| | 08 | | | Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер | 28 248 000,0 |
| | | 1 | | Мемлекеттік баж | 28 248 000,0 |
| 2 | | | | Салықтық емес түсімдер | 18 364 447,9 |
| | 01 | | | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер | 5 598 369,7 |
| | | 1 | | Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері | 744 509,6 |
| | | 3 | | Мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивиденттер | 526 520,2 |
| | | 4 | | Мемлекет меншігіндегі заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер | 836 299,2 |
| | | 5 | | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер | 2 410 000,0 |
| | | 6 | | Бюджет қаражатын банк шоттарына орналастырғаны үшін сыйақылар | 1 054 166,7 |
| | | 7 | | Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар | 26 874,0 |
| | 04 | | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 9 218 533,0 |
| | | 1 | | Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін, Жәбірленушілерге өтемақы қорына, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына және Арнаулы мемлекеттік қорға түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 9 218 533,0 |
| | 06 | | | Басқа да салықтық емес түсімдер | 3 547 545,2 |
| | | 1 | | Басқа да салықтық емес түсімдер | 3 547 545,2 |
| 3 | | | | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер | 8 961 184,0 |
| | 01 | | | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 5 061 184,0 |
| | | 1 | | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 5 061 184,0 |
| | 03 | | | Жерді және материалдық емес активтерді сату | 3 900 000,0 |
| | | 1 | | Жерді сату | 3 780 000,0 |
| | | 2 | | Материалдық емес активтерді сату | 120 000,0 |
| 4 | | | | Трансферттердің түсімдері | 103 485 327,0 |
| | 02 | | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 103 485 327,0 |
| | | 1 | | Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер | 103 485 327,0 |

| Функционалдық топ | Функционалдық кіші топ | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | II. Шығындар | 1 673 066 256,9 |
| 01 | | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 20 088 997,0 |
| | | 111 | | Республикалық маңызы бар қала, астана мәслихатының аппараты | 325 374,0 |
| | | | 001 | Республикалық маңызы бар қала, астана мәслихатының қызметін қамтамасыз ету | 320 078,0 |
| | | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 5 296,0 |
| | | 121 | | Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты | 4 153 101,0 |
| | | | 001 | Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің қызметін қамтамасыз ету | 4 131 301,0 |
| | | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 21 800,0 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан әкімінің аппараты | 5 930 796,0 |
| | | | 001 | Қаладағы аудан әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 5 333 963,0 |
| | | | 022 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 596 833,0 |
| | | 325 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық даму басқармасы | 186 022,0 |
| | | | 013 | Республикалық маңызы бар қала, астана Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету | 186 022,0 |
| | | 379 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясы | 736 849,0 |
| | | | 001 | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 732 927,0 |
| | | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 3 922,0 |
| | | 318 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік активтер басқармасы | 4 998 071,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде коммуналдық мүлікті және мемлекеттік сатып алу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 493 044,0 |
| | | | 010 | Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу | 372,0 |
| | | | 011 | Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату | 55 434,0 |
| | | | 014 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 229 313,0 |
| | | | 028 | Коммуналдық меншікке мүлікті сатып алу | 4 219 908,0 |
| | | 356 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қаржы басқармасы | 660 142,0 |
| | | | 001 | Жергілікті бюджетті жоспарлау, атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 545 081,0 |
| | | | 003 | Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу | 85 348,0 |
| | | | 014 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 29 713,0 |
| | | 510 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экономика басқармасы | 1 665 941,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде экономикалық саясат саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 1 524 426,0 |
| | | | 004 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 1 011,0 |
| | | | 061 | Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау | 140 504,0 |
| | | 369 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың дін істері басқармасы | 1 432 701,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде дін қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 1 130 831,0 |
| | | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 11 257,0 |
| | | | 005 | Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау | 290 613,0 |
| 02 | | | | Қорғаныс | 14 240 092,0 |
| | | 519 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың сейсмикалық қауіпсіздік және жұмылдыру дайындығы басқармасы | 1 088 961,0 |
| | | | 003 | Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар | 136 179,0 |
| | | | 004 | Аумақтық қорғанысты даярлау және республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумақтық қорғаныс | 952 782,0 |
| | | 373 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы | 11 531,0 |
| | | | 030 | Жұмылдыру дайындығы және төтенше жағдайлар объектілерін дамыту | 11 531,0 |
| | | 387 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы органдардың аумақтық органы | 6 413 136,0 |
| | | | 003 | Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің күрделі шығыстары | 5 346 281,0 |
| | | | 004 | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың азаматтық қорғаныс іс-шаралары | 1 066 855,0 |
| | | 519 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың сейсмикалық қауіпсіздік және жұмылдыру дайындығы басқармасы | 6 726 464,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде сейсмикалық қауіпсіздік және жұмылдыру дайындығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 622 917,0 |
| | | | 005 | Жұмылдыру дайындығы және республикалық маңызы бар қаланы, астананы жұмылдыру | 1 812 382,0 |
| | | | 006 | Республикалық маңызы бар қалалар, астана ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою | 4 260 067,0 |
| | | | 011 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 31 098,0 |
| 03 | | | | Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі | 47 916 874,0 |
| | | 352 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы | 41 272 261,0 |
| | | | 001 | Республикалық маңызы бар қала, астана аумағында қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер қамтамасыз ету | 34 890 064,0 |
| | | | 003 | Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу | 18 000,0 |
| | | | 007 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 6 364 197,0 |
| | | 373 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы | 423 200,0 |
| | | | 021 | Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік объектілерін салу | 423 200,0 |
| | | 317 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы | 6 221 413,0 |
| | | | 004 | Елдімекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету | 6 221 413,0 |
| 04 | | | | Білім беру | 479 341 584,0 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан әкімінің аппараты | 71 560 941,0 |
| | | | 029 | Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту, оның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету | 71 560 941,0 |
| | | 360 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы | 1 239 502,0 |
| | | | 034 | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту | 1 239 502,0 |
| | | 373 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы | 9 166 643,0 |
| | | | 006 | Алматы қаласында мектепке дейінгі ұйымдарды сейсмикалық күшейту | 2 461 891,0 |
| | | | 037 | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау | 6 704 752,0 |
| | | 323 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың спорт басқармасы | 9 083 403,0 |
| | | | 006 | Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру | 7 801 548,0 |
| | | | 007 | Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру | 1 281 855,0 |
| | | 360 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы | 216 371 067,0 |
| | | | 003 | Жалпы білім беру | 120 734 400,0 |
| | | | 004 | Арнаулы білім беру бағдарламалары бойынша жалпы білім беру | 8 371 991,0 |
| | | | 005 | Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру | 4 144 937,0 |
| | | | 008 | Балаларға қосымша білім беру | 8 366 976,0 |
| | | | 019 | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттар беру | 68 000,0 |
| | | | 040 | Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға | 74 684 763,0 |
| | | 373 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы | 96 315 333,0 |
| | | | 027 | Алматы қаласында орта білім беру объектілерін сейсмикалық күшейту | 7 294 211,0 |
| | | | 028 | Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау | 13 894 384,0 |
| | | | 069 | Қосымша білім беру объектілерін салу және реконструкциялау | 3 457 115,0 |
| | | | 205 | «Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасы шеңберінде бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу | 71 669 623,0 |
| | | 339 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы | 2 755 955,0 |
| | | | 043 | Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау | 2 755 955,0 |
| | | 360 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы | 46 837 543,0 |
| | | | 018 | Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру | 57 124,0 |
| | | | 024 | Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау | 46 780 419,0 |
| | | 373 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы | 2 720 000,0 |
| | | | 046 | Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру объектілерін салу және реконструкциялау | 2 720 000,0 |
| | | 121 | | Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты | 5 029,0 |
| | | | 019 | Сайлау процесіне қатысушыларды оқыту | 5 029,0 |
| | | 339 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы | 1 202 023,0 |
| | | | 003 | Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау | 1 202 023,0 |
| | | 360 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы | 1 460 048,0 |
| | | | 038 | Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау | 1 460 048,0 |
| | | 339 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы | 1 009 945,0 |
| | | | 057 | Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету | 1 009 945,0 |
| | | 360 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы | 19 614 152,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 603 569,0 |
| | | | 006 | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік білім беру ұйымдарында білім беру жүйесін ақпараттандыру | 1 042 676,0 |
| | | | 007 | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу | 3 593 800,0 |
| | | | 009 | Республикалық маңызы бар қала, астана ауқымындағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу | 1 250 515,0 |
| | | | 011 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 30 952,0 |
| | | | 013 | Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету | 2 426 243,0 |
| | | | 014 | Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу | 322 602,0 |
| | | | 021 | Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері | 399 963,0 |
| | | | 027 | Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер | 2 224,0 |
| | | | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 9 941 608,0 |
| 05 | | | | Денсаулық сақтау | 45 916 827,0 |
| | | 339 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы | 10 923 588,0 |
| | | | 006 | Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер | 330 858,0 |
| | | | 007 | Салауатты өмір салтын насихаттау | 63 303,0 |
| | | | 017 | Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған санитариялық көлік және сервистік қызмет көрсетуді талап ететін медициналық бұйымдар бойынша лизинг төлемдерін өтеу | 1 288 581,0 |
| | | | 041 | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемімен қосымша қамтамасыз ету | 9 240 846,0 |
| | | 373 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы | 3 951 456,0 |
| | | | 009 | Алматы қаласында денсаулық сақтау объектілерін сейсмикалық күшейту | 350 000,0 |
| | | | 038 | Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау | 3 601 456,0 |
| | | 339 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы | 3 472 831,0 |
| | | | 027 | Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау | 3 472 831,0 |
| | | 339 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы | 1 150 620,0 |
| | | | 039 | Денсаулық сақтау субъектілерінің медициналық көмегін қамтитын қосымша медициналық көмектің көлемін көрсету, Call-орталықтардың қызметтер көрсетуі және өзге де шығыстар | 1 150 620,0 |
| | | 339 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы | 49 488,0 |
| | | | 029 | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың арнайы медициналық жабдықтау базалары | 49 488,0 |
| | | 339 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы | 26 368 844,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 1 794 932,0 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | 008 | Қазақстан Республикасында ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру | 186 860,0 |
| | | | 016 | Азаматтарды елдімекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету | 7 315,0 |
| | | | 018 | Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер | 187 192,0 |
| | | | 030 | Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары | 576 318,0 |
| | | | 033 | Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары | 23 616 227,0 |
| 06 | | | | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру | 63 203 504,0 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан әкімінің аппараты | 1 764 590,0 |
| | | | 056 | Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек | 1 764 590,0 |
| | | 355 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы | 10 457 681,0 |
| | | | 014 | Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 2 760 183,0 |
| | | | 020 | Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектігі бар адамдар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 4 036 470,0 |
| | | | 021 | Оңалту орталықтарында қарттарға, мүгедектігі бар адамдарға, оның ішінде мүгедектігі бар балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 933 915,0 |
| | | | 022 | Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедектігі бар балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 2 147 496,0 |
| | | | 029 | Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялау | 1 204,0 |
| | | | 064 | Еңбек мобильділігі орталықтары мен мансап орталықтарының жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі азаматтарды әлеуметтік қолдау бойынша қызметін қамтамасыз ету | 578 413,0 |
| | | 360 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы | 1 496 141,0 |
| | | | 016 | Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру | 1 103 070,0 |
| | | | 037 | Әлеуметтік сауықтандыру | 393 071,0 |
| | | 373 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы | 38 629,0 |
| | | | 039 | Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салу және реконструкциялау | 38 629,0 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан әкімінің аппараты | 23 383 986,0 |
| | | | 003 | Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету | 2 004 920,0 |
| | | | 030 | Тұрғын үй көмегін көрсету | 18 143,0 |
| | | | 031 | Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек | 8 275 004,0 |
| | | | 033 | Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектігі бар адамдарды міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектігі бар адамдарға қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну | 8 216 134,0 |
| | | | 035 | Мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік қолдау | 4 869 785,0 |
| | | 317 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы | 6 676 727,0 |
| | | | 017 | Жергілікті өкілдік органдардың шешімі бойынша қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен, тегін жол жүру түрінде азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қолдау | 6 676 727,0 |
| | | 355 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы | 13 183 599,0 |
| | | | 003 | Жұмыспен қамту бағдарламасы | 11 331 037,0 |
| | | | 009 | Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау | 1 202 980,0 |
| | | | 016 | Белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарды әлеуметтік бейімдеу | 649 582,0 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан әкімінің аппараты | 2 394 038,0 |
| | | | 036 | Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу | 9 389,0 |
| | | | 037 | Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру | 1 556 606,0 |
| | | | 039 | Кохлеарлық импланттарға сөйлеу процессорларын ауыстыру және теңшеу жөніндегі көрсетілетін қызметтер | 828 043,0 |
| | | 325 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық даму басқармасы | 49 148,0 |
| | | | 077 | Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту | 49 148,0 |
| | | 355 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы | 3 128 700,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және әлеуметтік бағдарламалар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 994 512,0 |
| | | | 019 | Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру | 1 505 317,0 |
| | | | 026 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 7 000,0 |
| | | | 028 | Күш көрсету немесе күш көрсету қаупі салдарынан қиын жағдайларға тап болған тәуекелдер тобындағы адамдарға қызметтер | 237 402,0 |
| | | | 062 | Біліктілік жүйесін дамыту | 517,0 |
| | | | 066 | Сенім білдірілген агентке жастардың кәсіпкерлік бастамасына жәрдемдесу үшін бюджеттік кредиттер беру жөніндегі қызметтеріне ақы төлеу | 19 836,0 |
| | | | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 364 116,0 |
| | | 370 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың еңбек инспекциясы басқармасы | 219 585,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде еңбек қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 219 585,0 |
| | | 511 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы | 410 680,0 |
| | | | 054 | Жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғынжай үшін азаматтардың жекелеген санаттарына төлемдер | 123 000,0 |
| | | | 068 | Әлеуметтік көмек ретінде тұрғын үй сертификаттарын беру | 287 680,0 |
| 07 | | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 300 388 941,8 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан әкімінің аппараты | 57 329,0 |
| | | | 050 | Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру | 57 329,0 |
| | | 351 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жер қатынастары басқармасы | 55 707 625,0 |
| | | | 010 | Мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскелерін алып қою, оның ішінде сатып алу жолымен алып қою және осыған байланысты жылжымайтын мүлікті иеліктен айыру | 55 707 625,0 |
| | | 373 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы | 84 789 344,0 |
| | | | 012 | Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау | 5 662 543,0 |
| | | | 017 | Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру | 3 925 684,0 |
| | | | 098 | Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу | 75 201 117,0 |
| | | 511 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы | 3 500 448,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде коммуналдық инфрақұрылымды дамыту мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 925 780,0 |
| | | | 007 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 82 701,0 |
| | | | 008 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 2 247 600,0 |
| | | | 009 | Кондоминиум объектілеріне техникалық паспорттар дайындау | 50 000,0 |
| | | | 098 | Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу | 194 367,0 |
| | | 512 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы | 1 961 555,0 |
| | | | 008 | Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру | 1 961 555,0 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан әкімінің аппараты | 22 316 199,0 |
| | | | 042 | Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту | 20 624 810,0 |
| | | | 043 | Қаланы абаттандыруды дамыту | 1 691 389,0 |
| | | 512 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы | 25 053 859,8 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде энергетика және сумен жабдықтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 603 314,0 |
| | | | 007 | Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту | 20 817 668,8 |
| | | | 016 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 2 900,0 |
| | | | 028 | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін пайдалануды ұйымдастыру | 354 381,0 |
| | | | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 3 275 596,0 |
| | | 513 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экология және қоршаған орта басқармасы | 4 070 009,0 |
| | | | 017 | Қаланы абаттандыруды дамыту | 4 070 009,0 |
| | | 520 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасы | 1 007 213,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде қаланың қоғамдық аумақтарын дамыту және абаттандыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 99 972,0 |
| | | | 002 | Қаланың қоғамдық кеңістігінің элементтері болып табылатын құрылыстардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 863 961,0 |
| | | | 011 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 43 280,0 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан әкімінің аппараты | 89 379 286,0 |
| | | | 008 | Елдімекендердегі көшелерді жарықтандыру | 13 305 442,0 |
| | | | 009 | Елдімекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 26 392 250,0 |
| | | | 010 | Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу | 501 964,0 |
| | | | 011 | Елдімекендерді абаттандыру мен көгалдандыру | 49 179 630,0 |
| | | 511 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы | 117 480,0 |
| | | | 041 | Профилактикалық дезинсекция мен дератизация жүргізу (инфекциялық және паразиттік аурулардың табиғи ошақтарының аумағындағы, сондай-ақ инфекциялық және паразиттік аурулардың ошақтарындағы дезинсекция мен дератизацияны қоспағанда) | 117 480,0 |
| | | 513 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экология және қоршаған орта басқармасы | 79 952,0 |
| | | | 018 | Қаланы абаттандыру мен көгалдандыру | 79 952,0 |
| | | 520 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасы | 12 348 642,0 |
| | | | 003 | Қаланың қоғамдық аумақтарын дамыту және абаттандыру | 12 348 642,0 |
| 08 | | | | Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік | 73 570 947,0 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан әкімінің аппараты | 9 366 331,0 |
| | | | 006 | Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау | 394 643,0 |
| | | | 044 | Шығармашылық үйірмелерді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруды іске асыру | 8 971 688,0 |
| | | 361 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәдениет басқармасы | 15 084 907,0 |
| | | | 004 | Мәдени-демалыс жұмысын қолдау | 9 536 613,0 |
| | | | 005 | Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету | 1 351 554,0 |
| | | | 006 | Мемлекет қайраткерлерін мәңгі есте сақтау | 78 999,0 |
| | | | 007 | Театр және музыка өнерін қолдау | 2 824 892,0 |
| | | | 008 | Зоопарктер мен дендропарктердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 1 292 849,0 |
| | | 373 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы | 210 009,0 |
| | | | 014 | Мәдениет объектілерін дамыту | 210 009,0 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан әкімінің аппараты | 8 346 294,0 |
| | | | 046 | Спорт секцияларын жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруды іске асыру | 8 346 294,0 |
| | | 323 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың спорт басқармасы | 14 157 259,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде спорт  саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 156 231,0 |
| | | | 002 | Жергілікті деңгейде спорттық жарыстар өткізу | 1 148 167,0 |
| | | | 003 | Республикалық және халықаралық спорттық жарыстарға әртүрлі спорт түрлері бойынша құрама командалары мүшелерінің дайындығы және қатысуы | 11 188 572,0 |
| | | | 005 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 882,0 |
| | | | 016 | Мемлекеттік қалалық спорттық ұйымдардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 1 622 007,0 |
| | | | 032 | Бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 41 400,0 |
| | | 373 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы | 918 950,0 |
| | | | 015 | Спорт объектілерін дамыту | 918 950,0 |
| | | 121 | | Республикалық маңызы бар қала, астана  әкімінің аппараты | 55 600,0 |
| | | | 009 | Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту | 55 600,0 |
| | | 313 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың цифрландыру басқармасы | 8 399 177,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде цифрландыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 8 396 426,0 |
| | | | 009 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 2 751,0 |
| | | 325 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық даму басқармасы | 4 843 822,0 |
| | | | 005 | Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер | 4 843 822,0 |
| | | 361 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәдениет басқармасы | 3 409 849,0 |
| | | | 009 | Қалалық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 2 415 306,0 |
| | | | 010 | Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету | 994 543,0 |
| | | 380 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың туризм басқармасы | 4 158 622,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде туризм саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 187 663,0 |
| | | | 002 | Туристік қызметті реттеу | 3 969 979,0 |
| | | | 004 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 980,0 |
| | | 302 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жастар саясаты басқармасы | 2 425 807,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде мемлекеттік жастар саясатын іске асыру жөніндегі қызметтер | 294 292,0 |
| | | | 003 | Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру | 2 131 515,0 |
| | | 325 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық даму басқармасы | 1 015 757,0 |
| | | | 001 | Қоғамдық даму саласындағы мемлекеттік саясатты  іске асыру | 1 007 148,0 |
| | | | 007 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 8 609,0 |
| | | 361 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәдениет басқармасы | 1 178 563,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 189 708,0 |
| | | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 988 855,0 |
| 09 | | | | Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану | 17 352 452,0 |
| | | 512 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы | 17 352 452,0 |
| | | | 012 | Жылу-энергетикалық жүйені дамыту | 17 352 452,0 |
| 10 | | | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары | 14 121 339,0 |
| | | 326 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы | 1 578 038,0 |
| | | | 011 | Мал көмінділерінің (биотермиялық шұңқырлардың) жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 80 682,0 |
| | | | 014 | Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу | 426 556,0 |
| | | | 016 | Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу | 63 048,0 |
| | | | 022 | Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру | 429 325,0 |
| | | | 055 | Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау | 5 588,0 |
| | | | 056 | Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау | 462 438,0 |
| | | | 057 | Мал шаруашылығы саласында терең қайта өңдеуден өткізілетін өнімдерді өндіру үшін ауыл шаруашылығы өнімін сатып алуға жұмсайтын өңдеуші кәсіпорындардың шығындарын субсидиялау | 110 401,0 |
| | | 513 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экология және қоршаған орта басқармасы | 466 379,0 |
| | | | 009 | Коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 466 379,0 |
| | | 513 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экология және қоршаған орта басқармасы | 11 734 367,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде экология және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 1 667 288,0 |
| | | | 004 | Қоршаған ортаны сауықтыру бойынша іс-шаралар | 8 720 803,0 |
| | | | 005 | Экожүйе объектілерін дамыту | 470 697,0 |
| | | | 006 | Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды күтіп-ұстау және қорғау | 864 284,0 |
| | | | 011 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 11 295,0 |
| | | 351 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жер қатынастары басқармасы | 342 555,0 |
| | | | 001 | Республикалық маңызы бар қала, астана аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 335 688,0 |
| | | | 008 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 6 867,0 |
| 11 | | | | Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі | 8 188 654,0 |
| | | 319 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы | 6 218 316,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде сәулет және құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 673 914,0 |
| | | | 002 | Елдімекендердегі құрылыстардың бас жоспарын әзірлеу | 5 524 788,0 |
| | | | 005 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 19 614,0 |
| | | 324 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қала құрылысын бақылау басқармасы | 408 373,0 |
| | | | 001 | Жергілікті мемлекеттік қала құрылысы және жерді бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 389 073,0 |
| | | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 19 300,0 |
| | | 373 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы | 1 561 965,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 1 558 367,0 |
| | | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 3 598,0 |
| 12 | | | | Көлік және коммуникация | 262 895 280,0 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан әкімінің аппараты | 5 334 558,0 |
| | | | 045 | Елдімекендер көшелеріндегі автомобиль жолдарын ағымдағы жөндеу | 5 334 558,0 |
| | | 317 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы | 64 032 601,0 |
| | | | 007 | Көлік инфрақұрылымын дамыту | 32 937 113,0 |
| | | | 016 | Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 31 095 488,0 |
| | | 317 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы | 193 528 121,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 1 331 467,0 |
| | | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 9 219,0 |
| | | | 008 | Метрополитендегі жолаушылар тасымалын субсидиялау | 11 590 275,0 |
| | | | 009 | Әлеуметтік маңызы бар ішкі қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау | 82 317 920,0 |
| | | | 011 | Жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарын салу және реконструкциялау | 1 723 962,0 |
| | | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 96 555 278,0 |
| 13 | | | | Басқалар | 90 514 030,0 |
| | | 326 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы | 21 554 722,0 |
| | | | 005 | Кәсіпкерлік субъектілерін қолдау | 1 397 657,0 |
| | | | 017 | Кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау | 18 100 000,0 |
| | | | 018 | Кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттерін ішінара кепілдендіру | 1 372 645,0 |
| | | | 060 | Креативті индустриялар саласында жеке кәсіпкерлікті дамыту, креативті кеңістіктерді инфрақұрылымын құру үшін қаржыландыру және жағдайлар жасау | 454 300,0 |
| | | | 082 | Бизнес-идеяларды іске асыру үшін кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік гранттар беру | 230 120,0 |
| | | 313 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың цифрландыру басқармасы | 4 055 050,0 |
| | | | 096 | Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау | 4 055 050,0 |
| | | 317 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобилділік басқармасы | 567 484,0 |
| | | | 096 | Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау | 567 484,0 |
| | | 323 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың спорт басқармасы | 699 524,0 |
| | | | 096 | Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау | 699 524,0 |
| | | 326 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы | 2 493 181,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік, өнеркәсіп, инвестициялар және ауыл шаруашылық, ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 1 738 060,0 |
| | | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 11 300,0 |
| | | | 004 | Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шеңберінде іс-шараларды іске асыру | 743 821,0 |
| | | 356 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қаржы басқармасы | 46 452 766,0 |
| | | | 013 | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының резерві | 43 852 766,0 |
| | | | 022 | Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу | 2 600 000,0 |
| | | 373 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы | 14 674 449,0 |
| | | | 031 | Әкімшілік ғимараттар кешенін салу | 14 206 084,0 |
| | | | 048 | Қалалардың шетіндегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту | 468 365,0 |
| | | 512 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы | 16 854,0 |
| | | | 018 | «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағының инфрақұрылымын дамыту | 16 854,0 |
| 14 | | | | Борышқа  қызмет көрсету | 5 210 735,0 |
| | | 356 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қаржы басқармасы | 5 210 735,0 |
| | | | 005 | Жергілікті атқарушы органдардың борышына қызмет көрсету | 5 207 710,0 |
| | | | 018 | Жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету | 3 025,0 |
| 15 | | | | Трансферттер | 230 116 000,1 |
| | | 356 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қаржы басқармасы | 230 116 000,1 |
| | | | 006 | Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару | 253 506,7 |
| | | | 007 | Бюджеттік алып қоюлар | 226 102 075,0 |
| | | | 024 | Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер | 169 052,0 |
| | | | 029 | Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттеріне әкімшілік-аумақтық бірліктің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған реттерде, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімдерінің өтініштері бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасымен жалпы республикалық не халықаралық маңызы бар іс-шаралар өткізілген жағдайларда, сондай-ақ агломерацияларды дамыту мақсатында берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 883 181,0 |
| | | | 049 | Бюджет заңнамасымен қарастырылған жағдайларда жалпы сипаттағы трансферттерді қайтару | 1 564 782,0 |
| | | | 052 | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша толық пайдалануға рұқсат етілген, өткен қаржы жылында бөлінген, пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы даму трансферттерінің сомасын қайтару | 1 073 079,2 |
| | | | 053 | Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару | 70 324,2 |
| | | | | III. Таза бюджеттік кредит беру | 21 518 751,0 |
| | | | | Бюджеттік кредиттері | 32 699 320,0 |
| 06 | | | | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру | 3 310 000,0 |
| | | 355 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы | 3 310 000,0 |
| | | | 063 | Жастардың кәсіпкерлік бастамашылығына жәрдемдесу үшін бюджеттік кредиттер беру | 3 310 000,0 |
| 07 | | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 23 389 320,0 |
| | | 511 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы | 23 389 320,0 |
| | | | 012 | Алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздарын беру үшін «Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі акционерлік қоғамына бюджеттік кредит беру | 23 389 320,0 |
| 10 | | | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары | 5 000 000,0 |
| | | 326 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы | 5 000 000,0 |
| | | | 048 | Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру үшін мамандандырылған ұйымдарға кредит беру | 5 000 000,0 |
| 13 | | | | Басқалар | 1 000 000,0 |
| | | 326 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы | 1 000 000,0 |
| | | | 007 | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ға кредит беру | 1 000 000,0 |
| 05 | | | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 11 180 569,0 |
| | | 1 | | Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу | 9 005 500,1 |
| | | | 06 | Мамандандырылған ұйымдарға жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу | 8 855 133,1 |
| | | | 13 | Жеке тұлғаларға жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу | 150 367,0 |
| | | 2 | | Бюджеттік кредиттердің сомаларын қайтару | 2 175 068,9 |
| | | | 02 | Жергілікті бюджеттен берілген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару | 2 175 068,9 |
| | | | | IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо | 21 342 274,0 |
| | | | | Қаржы активтерін сатып алу | 22 062 274,0 |
| 12 | | | | Көлік және коммуникация | 1 556 154,0 |
| | | 317 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы | 1 556 154,0 |
| | | | 019 | Метрополитен салуға заңды тұлғалардың жарғылық капиталын ұлғайту | 1 556 154,0 |
| 13 | | | | Басқалар | 20 506 120,0 |
| | | 326 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы | 5 000 000,0 |
| | | | 065 | Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту | 5 000 000,0 |
| | | 511 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы | 1 787 094,0 |
| | | | 065 | Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту | 1 787 094,0 |
| | | 512 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы | 13 265 917,0 |
| | | | 065 | Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту | 13 265 917,0 |
| | | 513 | | Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экология және қоршаған орта басқармасы | 453 109,0 |
| | | | 065 | Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту | 453 109,0 |
| 06 | | | | Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | 720 000,0 |
| | | 1 | | Қаржы активтерін ел  ішінде  сатудан түсетін түсімдер | 720 000,0 |
| | | | 05 | Мүліктік кешен түріндегі коммуналдық мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындарды және коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың жедел басқаруындағы немесе шаруашылық жүргізуіндегі өзге мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін түсімдер | 720 000,0 |
| | | | | V. Бюджеттік дефицит | -202 032 406,1 |
| | | | | VI. Бюджет дефицитін қаржыландыру | 202 032 406,1 |

# «ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

## 2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу науқаны басталады

**«ALMATY AQSHAMY»** – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

**«ALMATY AQSHAMY»** жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

**БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!**

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді **aqshamnews.kz** сайтынан да оқыңыздар!

### «ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

**65503 (жеке жазылушылар үшін)** 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 6 айға – 3680,40 теңге, 12 айға – 7360,80 теңге

**15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)** 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 6 айға – 7893,72 (қала), 4820,40 (ауыл) теңге, 12 айға – 15787,44 (қала), 9640,80 (ауыл) теңге

**95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)**
1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 6 айға – 2360,40 теңге, 12 айға – 4720,80 теңге

**Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.**

**Құрметті оқырмандар!**

**«Almaty aqshamy»** газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы **«Almaty aqshamy»** газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны **«Almaty aqshamy»** газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

ХАБАРЛАНДЫРУ




ӘСКЕРИ КӨЛІК

# ӘМБЕБАП ҰШАҚ

## жеке құрамды, ауыр жүк пен техниканы тасымалдайды

**Алматы – еліміздің ең ірі мегаполисі, экономикалық, мәдени және саяси орталығы. Мұнда халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, заманауи қауіп-қатерлерге дер кезінде жауап беру – басты міндет. Қорғаныс қабілеті жоғары, технологиялық тұрғыдан дамыған әскери күштер осы мақсатқа қызмет ететіні анық. Бұл бағытта Қарулы күштер мен жергілікті билік арасындағы үйлесімді жұмыс айрықша маңызға ие.**

Алматыда ҚР Қорғаныс министрі, генерал-полковник Руслан Жақсылықов Қарулы күштердің авиаторлары мен іс-шара қонақтарын айтулы оқиғаға орай құттықтауын білдірді. Салтанатты жиынға Кеңес Одағының Батыры, Халық қаһарманы, отставкадағы авиация генерал-майоры Тоқтар Әубәкіров, Airbus Military европалық концернінің өкілі Элена Парийя Мартин, еліміздің Қарулы күштерінің ардагері, запастағы полковник Владимир Платошин, әскери-көліктік эскадрильяның жеке құрамы, Десанттық-шабуылдау әскерлерінің әскери қызметшілері, «Жас сарбаз» қозғалысының тәрбиеленушілері қатысты.

Ұшақ экипажының командирі, подполковник Асылбек Жұмабаев Қорғаныс министрі, генерал-полковник Руслан Жақсылықовқа Испаниядан тұрақты орналасу пунктіне аман-есен келгені жөнінде баян етті. Қорғаныс ведомствосының басшысы шараға қатысушыларды маңызды оқиғамен құттықтады.

– Заманға сай, ұтқыр, жоғары технологиялық армия – қашанда елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен қорғаныс қабілетін нығайтудың кепілі. Бүгін мемлекеттік қорғаныс тапсырысымен біз жеке құрамды, ауыр жүк пен техниканы тасымалдауға, гуманитарлық операция аясындағы тапсырманы орындауға арналған әскери-көліктік ұшақ алдық, – деді генерал-полковник Р.Жақсылықов.

Министр Airbus Military компаниясының өкілдеріне Испанияның Севилья қаласындағы авиациялық даярлық орталығында қазақстандық мамандарды оқытуға белсенді қатысқаны үшін алғысын білдірді. «Ұшу және инженерлік-техникалық құрам белгіленген мерзімде авиатехниканы басқару мен қызмет көрсетуге қажетті теориялық қайта даярлықтан өтті. Концерн өкілдері бізге осыған қатысты қажетті технологиялық ақпарат берді. Болашақта біздің бұл іске машықтанған мамандарымыз қалтқысыз қызмет көрсетіп, тиісті регламенттік шараны жүргізе алады», – деп мәлімдеді министр.

Airbus Military авиажасау концернімен қостарапты ынтымақтастық бүгінде еліміздің Әскери-әуе күштерінде сәтті пайдаланылып жүрген С-295 ұшақтарын сатып алған 2013 жылдан бастап жүйелі қолға алынған болатын. Әуе кемесінің техникалық сипаттамасы да атап өтуге тұрарлық.

ПОЛИЦИЯ

# БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ ҚАДАҒАЛАНАДЫ

**Қаламызда үш күн ішінде заңды өкілдерінсіз көше кезген 27 жасөспірім есепке қойылды.**

Бұл туралы қалалық Полиция департаменті хабарлады. Ағымдағы жылдың 10 айында түнгі рейдтердің нәтижесінде 18 мыңнан астам әкімшілік құқықбұзушылық анықталды. Жалпы, жыл басынан бері төрт жүзден астам жасөспірім қала полиция бөлімдерінің арнайы есебінде тұр.

Тәртіп сақшылары бақылаусыз жүрген жеткіншектерді жедел алдын алу шарасы аясында анықтады. Сондай-ақ, рейд жұмысы кезінде перзентінің тәрбиесіне көңіл бөлмеген 23 ата-ана да есепке алынды. Жалпы, бұл науқанның негізгі мақсаты – жасөспірімдер арасында қылмыстың жолын кесіп, құқықбұзушылықтың алдын алу.

*«Рейд барысында түнгі уақытта заңды өкілсіз, яки ата-ана, ересек бауырларынсыз тұрғын үйден тысқары жерде жүретін жасөспірімдерді анықтап, оларды заңды өкілдеріне тапсырамыз. Алькогольдік ішімдікті пайдалануды алдын алу іс-шарасын өткізіп, сондай фактілерді анықтап, өз тарапымыздан шара қолдандық. Есепте тұратын жасөспірімдер мен қолайсыз отбасылардың тұрғылықты мекенжайы бойынша тексеру жұмыстарын жүргізіп, алдын алу орайында жүйелі түрде әңгіме өткіземіз»,* – деп мәлімдеді Алматы қалалық Полиция департаментінің аса маңызды тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы Венера Сисенова.

Жыл басталған бері дәл осындай 7 жедел алдын алу іс-шарасы ұйымдастырылған. Осы іс-шаралар нәтижесінде 418 жасөспірім мен 559 әлеуметтік аз қамтылған отбасы есепке алынды. Осының бәрі «жаман айтпай, жақсы жоқ» дегендей, алдымен балаларымыздың қауіпсіздігіне қажет сақтық шаралары.

**Әзірлеген**
**Айнабай МӘДИ.**

ALATAU AQPARAT

Бас директор –
**Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ**
**Қабылдау бөлмесі:**
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
**Абдухалил ЖАЛИЛОВ**
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
**Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА**
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
**Төрехан ДАНИЯР**
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
**Әнуарбек ӘУЕЛБЕК**
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
**Серік ЖҰМАБАЕВ**
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
**Рая ЕСКЕНДІР**

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
**Нұржамал ӘЛІШЕВА**

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
**Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
**Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ**
тел: 293-08-12. E-mail:
**rekalatauaqparat@gmail.com**

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
**rekalatauaqparat@gmail.com**
тел: 293-08-25

**Шығармашылық даму жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
**Олжас СҰЛЕЙМЕНОВ**

Кеңес мүшелері:
**Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,**
**Сейітқазы МАТАЕВ.**

**ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...**

**«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: 8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70 телефоны арқылы сағат 9.00–ден 18.00–ге дейін хабарласыңыз**

Almaty AQSHAMY

Республикаға таралатын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

**Меншік иесі:**
**«Alataý Aqparat» ЖШС.**
E-mail:
**alatauaqparat@gmail.com**
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.**
**Нөмірдің таралымы – 11 152 дана (сейсенбі)**

**Кезекші редактор –**
**Естай БОЖАН**

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ KZ17VPY00085956
куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В.
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес–класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.**

МӘДЕНИЕТ

# «ТӨРЛЕТ, ЕҢБЕК АДАМЫ!»

## атты республикалық ақындар айтысының жеңімпаздары анықталды

**Елордада Мәдениет және ақпарат министрлігінің ұйымдастыруымен және AMANAT партиясының қолдауымен Тәуелсіздік күні қарсаңында өткен «Төрлет, еңбек адамы!» атты республикалық ақындар айтысы мәреге жетті. Ұлттық құндылықтар дәріптелетін дәстүрлі дода биыл еңбек адамын ұлықтауға арналды.**

Екі күнге жоспарланған биылғы жыр додасында жыл көлемінде елімізде өткен республикалық және халықаралық айтыстарда үздік өнер көрсетіп, жүлделі орын еншілеген 14 ақын топқа түсті. Жыр додасына қатысып, жүлдегер атанғандар арасында алматылықтар да бар.

Министрліктің баспасөз орталығы хабарлағандай, айтыс қорытындысы бойынша қызылордалық Мейірбек Сұлтанхан Гран-приге ие болды, оған «Алтын домбыра» мен автокөлік табысталды. Бірінші орынды Нұрбол Жауынбаев (Ақтөбе), екінші орынды Айым Асылбекқызы (Алматы), үшінші орынды Өміржан Көпбосын (Ұлытау), Дидар Қами (Қарағанды) және Аспанбек Шұғатай (Павлодар) иеленді. Алматылық Қазірет Бердіхан және Шұғайып Сезімхан, шымкенттік Біржан Байтұов, астаналық Әсем Ережекызы арнайы жүлделермен марапатталды.

**«АҚШАМ-АҚПАРАТ».**




ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Айзада ҚҰРМАНОВА,**
**Мәдениет және ақпарат вице-министрі:**

### Атадан балаға мирас мұра

Қашан да қазақ халқы үшін еңбек адамының мәртебесі биік. Сондықтан бүгінгі айтыстың тақырыбы кездейсоқтық емес. Айтыс – халқымыздың биік өнері. Айтыс – атадан балаға мирас болған мұра. Ал ақындарымыз халықтың мұң-мұқтажын жырлап, әркез еліміздің сенім үдесінен шығып келеді. Төл өнеріміз төрге оза берсін!

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Жүрсін ЕРМАН,**
**Айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағының төрағасы, белгілі ақын:**

### Айтыс – киелі өнер

Бүгінгі айтыс – қазақ жырының тойы, жыр жәрмеңкесі. Мұндай айтысты көрген де бар, көрмеген де бар. Айтыс – киелі өнер. Оны әрдайым қолдап, қорғаштай білу қажет.

**Дәулет КӘРІБЕК,**
**AMANAT партиясының Атқарушы хатшысы:**

### Ел айбарын асырған дода

Ел Президенті 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялағаны белгілі. Сондықтан «Төрлет, еңбек адамы» тақырыбында ұйымдастырылған бұл айтыстың басты мақсаты – адал еңбек иелерін дәріптеу, төрге шығару және насихаттау. Міне, екі күн бойы ерке Есілдің бойында – Астана төрінде аламан айтыстың куәсі болдық. Елдің айызын қандырған, айбарын асырған дода болды.

ЖЕЛТОҚСАН – 38

**Алматыда «Ұлттық бірлік пен келісім – Тәуелсіздік тірегі» тақырыбында ғылыми-танымдық конференция өтті. Желтоқсан көтерілісінің 38 жылдығы мен Желтоқсан қаһарманы Ербол Сыпатаевтың 60 жылдығына арналған бұл іс-шараның маңызы тек тарихи-танымдық сипатта ғана емес, сонымен бірге жастардың бойына отансүйгіштік пен ұлттық қауіпсіздік құндылықтарын сіңіруде ерекше орын алды.**



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

# АҚҚАН ЖҰЛДЫЗ

## ұлттық рухтың жаршысы Ербол Сыпатаевтың 60 жылдығына орай конференция өтті

**Нұржамал ӘЛІШЕВА**

Конференцияға Алматы қаласы әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбеков пен қалалық мәслихат төрағасы Мейіржан Отыншиев қатысып, қала қауіпсіздігін нығайтуда ұлттық бірлік пен өткен тарихты еске алудың рөлін ерекше атап өтті. Қала басшылығы Желтоқсан қаһармандарының, оның ішінде Ербол Сыпатаевтың өмірі мен ерлігі – бүгінгі қоғамның қауіпсіздігін сақтау мен жастарды патриотизмге тәрбиелеудің негізі екенін айтты.

Конференцияда тарихшылар мен Ерболдың замандастары оның өмір жолын тек өткеннің үлгісі ретінде ғана емес, қазіргі заманға қажетті тұлға ретінде көрсетті. Ғ.Даукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті Ерболдың есімін дәріптеуде үлкен жұмыс атқарып келеді: оның атына арнайы оқу залы берілген, онда оның фотосуреттері мен естеліктері сақталған. Бұл жас ұрпақты батылдыққа және әділдікке шақырудың жарқын мысалы.

Алматыда Ербол Сыпатаевтың есімі берілген көшеде өткізілген сенбіліктер мен студенттер арасындағы қазақ күресінен ұйымдастырылған турнирдің тәрбиелік мәні ерекше. Қалалық ортада мұндай шаралар тек тәртіп пен қауіпсіздікті нығайтып қана қоймай, жастардың бойында ортақ іске жауапкершілік пен бірлік сезімін қалыптастырады.

Іс-шараны ұйымдастырушы, халықаралық «Жанашыр» қорының президенті Жаңыл Әпетова атап өткендей, Ербол Сыпатаевтың бейнесі – жас ұрпақ үшін ұлттық рухтың, әділдіктің және қауіпсіздікке деген адалдықтың символы.

Алматы қаласының әлеуметтік және қоғамдық қауіпсіздігіне Желтоқсан оқиғасынан алынған сабақтардың әсері зор. Ербол Сыпатаев сияқты батырлардың ерлігін насихаттау арқылы қалада құқық бұзушылықтардың алдын алуға, жасөспірімдер арасындағы қылмысты азайтуға, сондай-ақ жастарды азаматтық жауапкершілікке баулуға болады.

Бүгінгі таңда Алматы қаласы өз қауіпсіздігін нығайтуда ұлттық құндылықтарды дәріптеуді басты мақсат етіп қойған. Бұл бағытта Желтоқсан қаһармандарының өмір жолдары мен ерлігі заманауи қауіпсіздік саясатының негізіне айналып отыр. Ұлттық тарихымызды дәріптеу арқылы қалада тәртіп пен бейбітшілікті қамтамасыз ету – Ербол Сыпатаевтың есімімен байланысты маңызды миссиялардың бірі.

Ербол Сыпатаев – батырлық пен қауіпсіздіктің символы. Оның ерлігі Алматыны қауіпсіз әрі тұрақты қала ретінде дамыту жолында ұрпақтарға мәңгілік рухани бағдар болмақ.

### ЖАС БАЛУАНДАР желтоқсан қаһарманына арналған турнирде белдесті

Алматыдағы «ЦСКА» спорт кешенінде студенттер арасында қазақ күресінен турнир өтті. Бұл турнир Желтоқсан оқиғасы кезінде қыршын кеткен желтоқсан қаһарманы, патриот Ербол Сыпатаевтың 60 жылдығына арналды.

Турнир шымылдығын ашқан Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Бағдәулет Сариев жастарға Желтоқсан оқиғасының маңызын айта келіп, желтоқсан қаһармандарының отаншылдық қасиеттерінен үлгі алуға шақырды. Шын мықты жеңіске жетсін деген тілегін де білдірді.

*«Турнирге қаладағы 30-ға жуық жоғары оқу орны мен колледждердің 200-ге жуық балуаны қатысып, күш сынасты. Турнирдің қонақтары ретінде Е.Сыпатаевтың ауылдастары, туыстары, курстастары және өмірінің соңғы сәтінде бірге болған достары, желтоқсан ұйымдарының басшылары қатысты»,* – деді турнирді ұйымдастырушы Халықаралық «Жанашыр» қорының президенті Жаңыл Әпетова.

*«Мен бұл турнирге осынша көп жас қатысады деп күтпеген едім. Жалындап өсіп келе жатқан жастарды көріп, қуандым. Көзіме жас келді. Іс-шара өте жоғары деңгейде ұйымдастырылыпты. Бауырым бір аунап түскен шығар. Алғысым шексіз»,* – деді Ербол Сыпатаевтың туған бауыры Ержан Сыпатаев.

Турнирдің 55 келі салмақ дәрежесі бойынша бірінші орын – Дәулетхан Сейітқалиға (Қазақ спорт және туризм академиясы), екінші орын – Қыдырмолда Қуанға (Ғ.Дәукеев атындағы Энергетика және байланыс университеті), ал үшінші орын Алпысбай Асылжан мен Нағашыбай Асылханға (Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті) бұйырды.

60 келі салмақ дәрежесі бойынша: бірінші орын – Алмабек Абылай (Қазақ спорт және туризм академиясы); екінші орын – Құрманғали Мирас (Қазақ ұлттық университеті); үшінші орын – Алмабек Ерзат (Қазақ спорт және туризм академиясы) пен Тоқтар Бекмұхамед (ҚР ІІМ М.Есполатов атындағы Алматы академиясы) еншісінде.

Ал 66 келі салмақ дәрежесі бойынша: бірінші орынды – Сабыржанұлы Нұржан (ҚР ІІМ М.Есполатов атындағы Алматы академиясы); екінші орынды – Тұрсынәлі Әлішер (Халықаралық көлік-гуманитарлық университеті); үшінші орынды Сұлтанмұратов Нұрсұлтан (Алматы гуманитарлы-экономикалық университеті) мен Қалдыбаев Азат (Қазақ спорт және туризм академиясы) иеленді.




Турнирдің сыйлығы да қомақты болды. Бірінші орын жүлдесі – ноутбук, екінші орын – велосипед, ал үшінші орын жүлдесі жаттығу тренажері мен Ербол Сыпатаевтың аты жазылып, бейнесі қойылған медаль, кубок және Дипломдар болды.